



ТАЛДАМАЛЫҚ БАЯНДАМА

**ЕРЛІ ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ
ҰРЫС-КЕРІС ЖАҒДАЙЫНДА
ӨЗДЕРІН ҰСТАУ МОДЕЛІ**

«Ерлі-зайыптылардың ұрыс-керіс жағдайында өздерін ұстау моделі» тақырыбындағы әлеуметтанулық зерттеу қорытындысы бойынша талдамалық баяндама/Нұр-Сұлтан қ.: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ, 2022 ж. – 130 б.

«Ерлі-зайыптылардың ұрыс-керіс жағдайында өздерін ұстау моделі» әлеуметтанулық зерттеуі Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша жүргізілді. Зерттеудің эмпирикалық негізін некеде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтары арасында, сондай-ақ отбасылық қатынастар мен отбасылық ұрыс-керіс саласындағы сарапшылар арасында жүргізілген терең сұхбат деректері құрады. Зерттеу отбасының өмірлік циклінің негізгі кезеңдерін (сатыларын) және олардың психологиялық мазмұнын, некедегі дағдарыстық жағдайлардың негізгі кезеңдерін және ұрыс-керіс жағдайындағы ерлі-зайыптылардың мінез-құлық үлгілерін зерттеуге, сондай-ақ отбасылық саясат саласындағы ұсыныстарды әзірлеуге бағытталған.

Мемлекеттік отбасылық саясат саласындағы мемлекеттік құрылымдар мен ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар, қалың жұртшылық, зерттеушілер, осы тақырып бойынша жұмыс істейтін мамандар және барлық мүдделі тараптарға ұсынылады.

МАЗМҰНЫ

ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ	4
ОТБАСЫНЫҢ ӨМІРЛІК ЦИКЛІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ (САТЫЛАРЫ) ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАЗМҰНЫ	6
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОТБАСЫЛАРДЫҢ ӨМІРЛІК ЦИКЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	24
КЕЙІНГІ БІРНЕШЕ ОНЖЫЛДЫҚТАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОТБАСЫЛАРДЫҢ ӨМІРЛІК ЦИКЛІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР	32
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОТБАСЫЛАРДАҒЫ НЕГІЗГІ ДАҒДАРЫСТАР МЕН ДАҒДАРЫСТЫҚ КЕЗЕҢДЕР	35
ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ ҰРЫС-КЕРІС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ҮЛГІЛЕРІ	40
ҚОРЫТЫНДЫ	53
ҰСЫНЫМДАР	57
ҚОСЫМША	61

ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Әдіснамалық бөлігі

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері

Бұл зерттеудің мақсаты – қазақстандық отбасылардағы ұрыс-керіс жағдайларында ерлі-зайыптылардың мінез-құлық үлгілерін зерттеу.

Мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай негізгі *зерттеу міндеттерін* шешу көзделді:

- отбасының өмірлік циклінің негізгі кезеңдерін (сатыларын) және олардың психологиялық мазмұнын талдау;
- некедегі дағдарыстық жағдайлардың негізгі кезеңдерін анықтау және талдау;
- әлеуметтанулық зерттеу жүргізу, ерлі-зайыптылардың ұрыс-керіс жағдайларындағы мінез-құлық үлгілерін анықтау және ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу объектісі және мәні

Зерттеу объектісі:

• кемінде 1 жыл ресми некеде тұрып жатқан (АХАТ органдарында тіркелген) ерлер мен әйелдер.

Зерттеу мәні:

• неке қатынастарының әртүрлі кезеңдеріндегі неке жанжалдарының негіздері.

Зерттеу географиясы

Елдің кем дегенде 4 (төрт) өңірі.

2. Әдістемелік бөлігі

Ақпарат жинау әдісі

Ақпаратты жинау әдісі ретінде тереңдетілген сұхбат таңдалды. Өткізу формасы: информантпен жеке сұхбат.

Тереңдетілген сұхбат жүргізу үшін сарапшыларға* және ресми некеде кем дегенде 1 жыл тұрып жатқан информанттарға* арналған гайд әзірленді.

* *ҚОСЫМШАНЫ* қараңыз

Іріктемелі жиынтық көлемі

Барлығы 40 (қырық) тереңдетілген сұхбат жүргізілді:

- Сарапшылармен 12 (он екі) сұхбат;
- Кемінде 1 жыл некеде тұрып жатқан ерлерге/әйелдерге 28 (жиырма сегіз) сұхбат (1-кестені қараңыз).

1-кесте. Сарапшылар мен информанттарды өңірлер бойынша бөлу

Қалалар	Сарапшылар саны	Ресми некедегі ерлер/әйелдер саны*
Нұр-Сұлтан	3 респондент (2 психолог + 1 медиатор)	5 респондент Еркек, некеде 6 жыл, 3 бала Әйел, некеде 6 жыл, 3 бала Әйел, некеде 9 жыл, балалары жоқ Еркек, некеде 10 жыл, 2 бала Еркек, некеде 12 жыл, 2 бала
Алматы	3 респондент (1 психолог + 2 медиатор)	
Шымкент		4 респондент Еркек, некеде 5 жыл, 2 бала Әйел, некеде 7 жыл, балалары жоқ Еркек, некеде 8 жыл, 2 бала Әйел, некеде 17 жыл, 4 бала
Ақтөбе		5 респондент Еркек, некеде 1 жыл 6 ай, балалары жоқ Әйел, некеде 5 жыл, 2 бала Әйел, некеде 10 жыл, балалары жоқ Еркек, некеде 11 жыл, 3 бала Еркек, некеде 12 жыл, 3 бала
Павлодар		7 респондент Еркек, некеде 3 жыл, 1 бала Әйел, некеде 3 жыл, 2 бала Еркек, некеде 6 жыл, 1 бала Әйел, некеде 9 жыл, 1 бала Әйел, некеде 12 жыл, 2 бала Еркек, некеде 13 жыл, 3 бала Еркек, некеде 19 жыл, 1 бала
Өскемен		7 респондент Еркек, некеде 1,5 жыл, балалары жоқ Еркек, некеде 1,5 жыл, балалары жоқ Әйел, некеде 9 жыл, 1 бала Әйел, некеде 9 жыл, 3 бала Еркек, некеде 10 жыл, 2 бала Еркек, некеде 13 жыл, балалары жоқ Әйел, некеде 13 жыл, балалары жоқ
Семей	3 респондент (1 психолог + 2 медиатор)	
Қарағанды	3 респондент (2 психолог + 1 медиатор)	

* Іріктемеге 1 жылдан 20 жылға дейін некеде тұрып келе жатқан информанттар енгізілді. Информанттардың осы санатын таңдау бұл кезеңде отбасының негізгі отбасылық дағдарыстардың басталуы және ажырасу қаупі жоғары болуымен байланысты.

ОТБАСЫНЫҢ ӨМІРЛІК ЦИКЛІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ (САТЫЛАРЫ) ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАЗМҰНЫ

Әлеуметтанудағы отбасының өмірлік циклінің моделі

«Отбасының өмірлік циклі» термині пәнаралық болып табылады және отбасылық процестерді зерттейтін әртүрлі ғылымдарда қолданылады. Терминді ғылыми айналымға 1940 жылдары америкалық демограф П. Глик енгізген болатын. Ғалым оны «қалыпты отбасы өткеретін маңызды кезеңдердің реттілігіне қатысты қолданылатын ұғым ретінде анықтады... неке; балалардың туылуы; балалардың үйден бөлек кетуі; бала кеткеннен кейінгі кезең... және ерлі-зайыптылардың бірі қайтыс болған соң некенің аяқталуы»¹.

Орыс әлеуметтік-демографиялық мектебінің негізін қалаушылардың бірі Н.М.Римашевская отбасының өмірлік циклі туралы мынадай анықтама береді: «неке құрылғаннан бастап соңына дейін үздіксіз уақыт аралығындағы демографиялық және әлеуметтік жай-күйінің реті»². Бұл анықтаманы ең дұрысы деуге болады: ол жалпылама сипатта болғанымен, терминнің мәнін жақсы жеткізеді.

Отбасының өмірлік циклі тақырыбына ғылыми тұрғыдан қызығушылық туындағалы бері оның көптеген схемалары ұсынылды. Алайда, ғылыми әдебиеттерде отбасының өмірлік циклінің сатылары (кезеңдері) санын нақты анықтайтын бірыңғай тәсіл жоқ екенін түсінуіміз керек. Әртүрлі түсіндірмелерде олардың ондаған түрлері кездеседі.

Мысалы, демографиялық тәсіл аясында И.А. Герасимова отбасының төрт негізгі даму кезеңін анықтайды:

- 1) өсу кезеңі – ерлі-зайыптылар жұбы құрылған сәттен бастап соңғы бала туылғанға дейінгі кезең;
- 2) тұрақтылық кезеңі – соңғы бала туылған сәт пен ересек баланың отбасынан бөлек кеткенге дейінгі кезең;
- 3) «кемелдену» кезеңі – барлық ересек балалардың ата-анасынан бөлек кетуі;
- 4) «тоқталу» кезеңі – отбасы жалғыз ерлі-зайыптылар жұбына ұқсайды³.

Әлеуметтануда отбасын зерттеуге ХХ ғасырдың басында келді, бұл отбасылық функциялар мен рөлдердің өзгеруін қарастыру арқылы жүргізілді. Мәселен, америкалық әлеуметтанушы П. Сорокин отбасының төрт түрлі даму кезеңін анықтады:

- 1) отбасы құрылған кездегі ерлі-зайыптылар жұбы;
- 2) кішкентай балалары бар ерлі-зайыптылар жұбы;
- 3) кем дегенде бір ересек баласы бар ерлі-зайыптылар жұбы;
- 4) барлық балалары бөлек кеткен ерлі-зайыптылар жұбы⁴.

Әлеуметтанушы А.И. Антонов ерлі-зайыптылардың ата-ана болуына қатысты принципін негізделген отбасының өмірлік циклін ұсынды. Цикл мынадай кезеңдерді қамтиды:

- 1) ата-ана болу алдындағы кезең – үйленгеннен бастап тұңғышы туылғанға дейінгі уақыт (неке қиған кезден бастап шамамен 1,2 жыл);
- 2) репродуктивті ата-аналық кезең – тұңғыш бала туылған кезден бастап соңғы

¹ Glick P.C. Updating the life cycle of the family. Journal of Marriage and the Family, Vol.39, 1977.

² Римашевская Н.М. Человек и реформы: секреты выживания. М.: РИЦ ИСЭПН, 2003. С.171.

³ Герасимова И.А. «Моделирование формирования семейной структуры населения». Экономика и математические методы. Т. IX вып.5., 1973

⁴ Сорокин П.А. Кризис современной семьи: Социологический очерк // Вестник МГУ. Серия 18. Социология и политология. 1997. № 3. С. 65–79.

бала туылғанға дейінгі уақыт (некеде шамамен 7,0 жыл болғанда аяқталады);


3) әлеуметтендіруші ата-аналық кезең – балаларды тәрбиелеумен байланысты және тұңғыштары туылған кезден бастап соңғы баланың отбасынан кететін аралықтағы кезеңді қамтиды (некеге тұрған сәттен бастап орта есеппен 25 жылдан аспайды);

4) ата-әжелік кезең («бос ұя» сатысы) – барлық балалары бөлек кетеді, ерлі-зайыптылардың кәрілік кезеңі, жұбайлардың біреуі немесе екеуінің де қайтыс болуымен, шамамен жұп 40 жыл өмір сүргеннен кейін аяқталады⁵.

Жоғарыда келтірілген типологияларды баласы/балалары бар нуклеар отбасыларға қатысты болуы біріктіреді. Бұл тұрғыда С.В. Ляликованың еңбегінде ұсынылған, отбасының өмірлік циклінің көрінісін келтіруге болады⁶. Зерттеуші түрлі типологияларды талдау нәтижесінде А.И. Антоновтың әзірлемелері негізіндегі отбасының өмірлік цикліне ұқсас схема ұсынады (1-суретті қараңыз).

1-сурет. Отбасының өмірлік циклінің үлгі схемасы

(Профессор А.И. Антоновтың әзірлемелері негізінде жасалған, авторы – С.В. Ляликова)



Типологияның осындай түрлері – отбасы дамуының негізгі заңдылықтарын ашуға көмектесетін мінсіз модельдер. Алайда, іс жүзінде отбасы дамуының алуан түрлі нұсқалары бар екенін есте сақтаған жөн. Бұл ретте циклді үзетін немесе оның конфигурациясын өзгертетін оқиғалар (мысалы, баласыздық/тууды реттеу тәжірибесі, айырылу, түрлі депривациялар, ажырасу, ерлі-зайыптылардың мезгілсіз қайтыс болуы) отбасының өмірлік циклінің ауытқуы немесе толық болмауы ретінде қарастырылады.

Отбасының өмірлік циклінің кезеңіне байланысты информанттарды іріктеу құрылымы.

Зерттеу тақырыбының ерекшелігі ресми некелескен информанттардың іріктемесін қалыптастыруды көздейді, яғни іріктемеге толық отбасылар ғана енгізілді. Сондықтан тереңдетілген сұхбатты талдау үшін отбасының өмірлік циклінің жоғарыда аталған модельдерінің бірін қолдану ұсынылады. Атап айтқанда, талдау үшін А.И. Антоновтың әзірлемелеріне негізделген типологиясын лайықты санаймыз. 2-кестеде информанттарды отбасының өмірлік циклі кезеңіне байланысты бөлу көрсетілген.

⁵ Антонов А.И. Микросоциология семьи. М.: Инфра – М, 2018.

⁶ Ляликова С.В. Понятие жизненного цикла семьи и особенности его типологизации в работах отечественных ученых с привлечением исследовательских данных // Социология. – 2019. - №6. – С. 233-248.

2-кесте. Информанттарды А.И. Антоновтың моделіне сәйкес отбасының өмірлік циклінің сатысына байланысты бөлу

	Ата-ана болу алдындағы кезең	Әлеуметтендіруші даму кезеңі		Ата-әжелік кезең*	Толық емес өмірлік цикл
		Репродуктивтік ата-аналық кезең			
Саны	18% (5 информант)	50% (14 информант)	18% (5 информант)	-	14% (4 информант)
Барлығы: 28 информант					

* Іріктемелі жиынтық бұл санатқа кіретін информанттарды қарастырған жоқ. Бұл туралы зерттеу бағдарламасында толығырақ берілген.

Сауалнамаға қатысқан информанттардың көпшілігі балалы отбасылар (1-4). Іріктемеге кірген отбасылардың жиынтығында 68% үлесі (19 информант) әлеуметтендіруші ата-аналық кезеңде. Бұл ретте 50% отбасы (14 информант) репродуктивтік ата-аналық кезеңін өткеруде, ал шамамен 18% отбасы (5 информант) соңғы баладан кейін репродуктивтік ата-аналық кезеңнен өтіп, әлеуметтендіруші даму кезеңін жалғастыруда.

Балалары жоқ информанттар тобы отбасының өмірлік циклін анықтау тұрғысынан қарастыру кезінде күрделі болып шықты (осындай 9 кейс анықталды). Ресми түрде, олардың барлығы ата-ана болу алдындағы кезеңге жатқызылуы тиіс. Алайда, тереңдетілген сұхбат көрсеткендей, бұл жерде 5 кейс ғана ата-ана болу алдындағы кезеңге жатқызуға лайық болып шықты. Өйткені бұл информанттарда балалы болу ниеті бар, сондай-ақ некеде көп уақыт өтпегені де жанама себеп болды.

– *Әзірге жоқ (балалары), жақын уақытта болады.* (Роман, некеде 1,5 ж., балалары жоқ, Өскемен)

– *Жоспарда бар (балалар), әрекет етіп жүрміз.* (Алмас, некеде 1,5 ж., балалары жоқ, Өскемен)

Кейбір жағдайларда неке уақыты 5 жылдан асып кеткен, информанттар ата-ана болғысы келеді, бірақ жүктілік жоқ.

– *<...> қазір болмай тұр, <...>. Иә, жасым көп қалды деп уайымдаймын, 27 жасқа келіп қалдым.* (Жұлдыз, некеде 9 жыл, балалары жоқ, Нұр-Сұлтан)

Сұхбатты талдау нәтижелері бойынша баласыз информанттар тобындағы тағы 4 жағдай ата-ана болу алдындағы кезеңнен шығарылып, отбасының толық емес өмірлік цикліне ауыстырылды.



1-КЕЙС

Некеде ортақ балалардың болмауы, ең алдымен, ерлі-зайыптылардың бұрынғы некеден балаларының болуымен байланысты - олар сол балалардың тәрбиесіне бірге қатысады, қаржылық жағдайы мен аяққа тұрғызу бойынша алаңдайды. Бір информант әйелдің айтуынша, олар ортақ баланы арадағы дәнекер ретінде қарастырмайды.

– <...> оның өз балалары, менің өз балаларым бар, яғни екеуіміздің ортақ төрт баламыз бар деуге болады. <...> Кейде ортақ бала болу керек деген сияқты әңгімелер болады. Бірақ біз өзіміз үшін ортақ неке болғаны жеткілікті деп шештік. (Анна, некеде 3 жыл., Павлодар)



2-КЕЙС

Некеде ортақ балалардың болмауы бұрынғы некелерде балаларының болуымен байланысты. Бұл ретте, әңгіме кеш некелесу тұрасында болып отыр – АХАТ органдарында некеге тұру кезінде жұбайлардың бірі 47, екіншісі 44 жаста болған, ал сұхбат жүргізу кезінде, олардың балалары өз отбасыларын құрып үлгерген.

– Иә, қалған өмірімізді бірге өткізуді шештік... (Қобыланды, некеде 13 жыл, Өскемен)

Осылайша, бұл жағдайлар бірқатар объективті себептер бойынша ортақ балалардан саналы түрде бас тарту жағдайларын біріктіреді, соның ішінде: алдыңғы некелерде ата-ана болу тәжірибесі, алдыңғы некелерде туылған балалардың алдында қаржылық жауаптылық, кеш некелесу.



3-КЕЙС

Ерлі-зайыптылар 10 жыл бұрын некелескен, сауалнама кезінде информант әйел 44 жаста. Әйелдің айтуынша, олар балалы болғысы келеді, бірақ ол бала көтере алмайды. Бұл мәселе бойынша екі тарап бірдей уайым кешіп жүр. Алайда толық сұхбатты талдаған кезде анықталғандай, бұл отбасы үшін баланың жоқтығы проблема емес, олар некеде өздерін жайлы сезінеді. Сонымен қатар, бала асырап алу туралы сұраққа сенімді түрде «жоқ» деген жауап алдық. Ата-ана болу алдындағы кезең немесе «бала күту» уақытын жұп баяғыда өтіп кеткен сияқты, енді олар отбасының стандартты модельге сәйкес келмейтін басқа бір өмірлік циклін өткеріп жүргендей.

– Ол жүрегінің түбінде балалы болғысы кеп, уайымдап жүрген де шығар, бірақ маған онысын білдірмейді. <...> бұл тым үлкен жауапкершілік, біз бұған дайын емеспіз (ұл/қыз асырап алу). (Анна, некеде 10 жыл, балалары жоқ, Ақтөбе)



4-КЕЙС

Жұбайлар балалы болғысы келеді, бірақ жүктілік мүмкін болмай тұр (информант әйелдің айтуынша, ол бала көтере алмайды). Бір кездері осы себептен отбасында белгілі бір дағдарыс болған, бірақ олар оны еңсеріп, әрі қарай да бірге тұрып келеді. Әңгіме барысында бала асырап алу ниеті байқалған жоқ. Сұхбатты талдау көрсеткендей, 13 жыл некеде тұрып жатқан жұп бұл жағдайға көндіккен сияқты, балалары болмаса да, ел қатарлы қалыпты өмір сүріп жатыр.

– Мен бала көтере алмадым, сол кезде осыны қабылдау өте қиын болды. Бірақ уақыт өте үйреніп кеттік. Отбасымыз үшін бұл қиын сәттер еді. (Айжан, некеде 13 жыл, балалары жоқ, Өскемен)

Үшінші, төртінші кейстерде ортақ балалардың туылуынан ерікті түрде бас тартудан бөлек, мәжбүрлі түрде «бас тарту» жағдайлары да анықталады. Бала туудың сәтсіз әрекеттері жылдар бойы ажырасуға немесе балалы болудың басқа жолдарын іздеуге себеп болмай, бұл фактіні қабылдау мен баласыз некеде тұруға дайын болуды қалыптастырған бас тарту болды.

Сұхбат гайды бастапқыда бала туу, бала жоспарлау, баласыз жұптардың бала асырап алу ниеті сияқты аспектілерді зерттеуге бағытталмаған екенін айта кеткен жөн. Сондықтан мұндай аспектілер ішінара ғана ашылады. Алайда, баласыз некелер кейсін кешенді қарастыру асырап алушы ата-ана болуға ниеттің жоқтығы сияқты маңызды тұсын анықтауға мүмкіндік берді.

Психологиядағы отбасының өмірлік циклінің моделі

Зерттеу аясында сарапшыларға (психологтар мен медиаторлар) отбасының өмірлік циклінің ерекшеліктеріне, атап айтқанда, қазақстандық отбасылардың өмірлік цикліне қатысты бірқатар сұрақтар қойылды. Толық жауаптар негізінен сарапшы психологтар тарапынан берілді. Медиаторлар бұл тақырып бойынша теориялық базаны нашар меңгерген, олардың тарапынан отбасының өмірлік циклінің модельдерін бағалау жалпы сипатта болды. Алайда, дауласушы жұбайлармен және бұрынғы жұбайлармен жұмыс істеудің практикалық тәжірибесі медиаторларға қазақстандық отбасыларға қатысты құнды сараптамалық қорытындылар беруге мүмкіндік бергенін атап өткен жөн.

Отбасының өмірлік циклі кезеңдерін (сатыларын) талдау көбінесе психологтармен жүргізілген сұхбатқа негізделеді. Сарапшылардың көпшілігі қай жағдайға ортақ жауаптар айтты? Негізгі қорытынды қандай?

- Психологияда көптеген тәсілдер бар, олардың әрқайсысы отбасының өмірлік циклінің моделі туралы бөлек көзқарасты қамтиды. Сондықтан отбасының өмірлік циклінің әмбебап моделін атау мүмкін емес.

– Яғни, бүгінде психологияда 500 бағыт бар, олардың ондағаны отбасы мәселелерімен айналысады. Әр бағыттың өзінше тәсілдері бар, оның ішінде кезеңдерге бөледі. Ортақ бір пікір жоқ. (1-психолог, Нұр-Сұлтан)

– Негізінде, қанша маман, қанша психолог, қанша институт болса, сонша пікір болады. <...> бірақ белгілі бір тұстары біріктірмей қоймайды. (2-психолог, Семей)

• Психологтар үшін отбасының өмірлік циклін сипаттау мен талдаудағы ортақ түсінік – «дағдарыс» / «дағдарыстық кезең» / «дағдарыстық оқиға». Өмірлік циклді кезеңдерге бөлу әрекеттері айтарлықтай психологиялық ауыртпалық келтіретін отбасылық оқиғаларға негізделген.

– Отбасы өміріндегі кез-келген елеулі өзгеріс отбасының даму кезеңі деп аталады. (3-психолог, Алматы)

– Дағдарыстар біз ойлағаннан әлдеқайда көп, сондықтан әр кезеңді кіші кезеңдерге бөлуге болады. (2-психолог, Семей)

• Дағдарыстар бір уақытта пайда болуы мүмкін немесе ұзақ уақыт бойындағы бірқатар оқиғалар мен факторларды қамтуы мүмкін. Екі жағдайда да дағдарысты еңсеру қажеттілігімен байланысты бірқатар салдарлар бар. Тиісінше, отбасындағы дағдарыстар отбасы өмірінің бір кезеңін екіншісінен ажырататын маркер ретінде де, отбасының өмірлік циклінің жеке кезеңі ретінде де қарастырылуы мүмкін.

– Отбасының дамуында қалыпты дағдарыстар, тұрақты кезеңдер бар және осы кезеңдерді өзгерте алатын дағдарыстық жағдайлар бар. (1-психолог, Нұр-Сұлтан)

– Бұл дағдарыспен тікелей байланысты негізгі кезеңдер. Олар бұл кезеңдерді өткереді, яғни отбасында қандай да бір өзгерістер орын алады, отбасы оған үйренуі, бейімделуі керек. (1-психолог, Нұр-Сұлтан)

• Психологтардың пікірінше, отбасының өмірлік циклінің әр кезеңі немесе басқаша айтқанда, отбасындағы әрбір дағдарыс некеге қауіп төндіріп, отбасында ұрыс-керіс тудырып, тіпті ажырасуға әкеп соқтыруы мүмкін.

– Әр кезеңде, шынында, әр кезеңде шаңырақ шайқалып, қарым-қатынас шиеленісуі мүмкін. (3-психолог, Алматы)

• Демография мен әлеуметтанудан айырмашылығы, отбасын құрудың некеге дейінгі кезеңіне психологиялық тұрғыдан ерекше көңіл бөлінеді. Көбінесе некеге дейінгі кезең отбасының өмірлік циклінің бірінші кезеңі ретінде айтылады, ал сарапшылар оның маңыздылығы туралы баса айтты.

– Отбасылық кезеңдер жайлы айтсақ, <...> отбасын құру кезеңіне некеге дейінгі кезең де кіреді, ол кезде болашақ ерлі-зайыптылар үшін <...> қарым-қатынастың маңызы артады, сол кезде өмір салты мен өмірге деген көзқарас түбегейлі өзгереді. <...> бұл сондай маңызды кезең. (4-психолог, Қарағанды)

Басқа жағдайлармен қатар, некеге дейінгі кезеңде отбасының конструктивті немесе деструктивті болатыны белгілі болады, осыған байланысты бұл кезең өте маңызды.

Деструктивті форма ертелі кеш ажырасуға әкеп соғады. Қарым-қатынастың деструктивті түрін қалыптастыратын жағдайлар әртүрлі болуы мүмкін: «тұрмысқа шығу мақсат», жоспардан тыс жүктілік, абьюзивтік қатынастар және басқалар.

Конструктивті форма тату-тәтті өмір сүру ғана емес, шиеленіс болған жағдайда жұбайлар оны талқылайды, бір-бірін тыңдап, ымыраға келеді. Тиісінше, мұндай жұптардағы отбасылық дағдарыстар жеңілірек еңсеріледі немесе тіпті байқалмайды.

– Яғни, кезеңдер әртүрлі болады. Отбасы конструктивті құрылып, осындай қиын кезеңдерді оңай өткеруі мүмкін екенін түсіну маңызды. Ал кейде бастапқыдан деструктивті болып құрылуы мүмкін. (1-психолог, Нұр-Сұлтан)

– Отбасылық қарым-қатынастар бастапқыда қалай қалыптасатын болса, кейінгі қарым-қатынастар солай өрбитін болады. (4-психолог, Қарағанды)

• Психологтарға жүргізілген сұхбаттарда ұсынылған отбасылық өмір циклі моделінің өзіндік сипаттамалары бар және әлеуметтанушылар мен демографтардың теориялық модельдерінен ерекшеленеді.

Төменде сараптамалық пікірлер негізінде қалыптасқан отбасының өмірлік циклі кезеңдерінің психологиялық мазмұны бар жалпыланған моделі келтірілген. Сарапшылардың жауаптар форматы өмірлік цикл кезеңдерін сипаттаудағы түйін сөздер мен фразаларды бірнеше негізгі семантикалық блоктарға топтастыруға мүмкіндік берді. Талдау нәтижелері 3, 4, 5, 6, 7, 8-ші кестелерде ұсынылған.

1. Некеге дейінгі қарым-қатынастар

Жоғарыда айтылғандай, психологтар некеге дейінгі қарым-қатынас кезеңін бөлек кезең ретінде анықтайды. Жұптың осы кезеңдегі қарым-қатынастары болашақ отбасындағы қарым-қатынастарға негіз болады.

Бұл кезеңнің маңызы неде? Біріншіден, бір бірімен танысу және ақпараттық алмасу болады. Осы кезеңнің өзінде ашық және конструктивті диалог құра білу аса маңызды.

– <...> бұл қарым-қатынастар қалыптасатын кезең, адамдар бірін бірі танып, бір бірінің қасиеттерін көре бастайды. Бұл жерде <...> адамдардың бір бірін ести білуі маңызды. Өзінің қалауын білу, оны айтумен қатар, серігінің де қажеттіктерін ести білген жақсы. Бұл ретте, қос ғашық бір бірін үнсіз түсіну керек деген қиялға берілмей, бәрін әңгімелесу арқылы шешу, жеткізе білу, ести білу өте маңызды. Басқа адам – ол шынында да басқа адам. (4-психолог, Қарағанды)

Екіншіден, қарым-қатынас басталғанда еркек және әйел деген жаңа әлеуметтік рөлдерді игеру басталады. Некеден кейін бұл рөл күйеуі және әйелі деген рөлдерге ауысады.

Үшіншіден, күшті гормоналды базамен нығайтылған ортақ әсерленушілік арта түседі. Мұның бәрі болашақ отбасылық өмірдің эмоционалды әлеуетіне айналады, жаңа шындыққа бейімделуге мүмкіндік беретін сезімдер қорын қалыптастырады. Психологтар кәсіби тәжірибесіне сүйене отырып, қарым-қатынастағы осындай

тәжірибенің құндылығын атап өтеді. «Романтикалық оқиғаны» бастан кешпеу кейінгі отбасылық өмірге әсер етпей қоймайды.

– Романтикалық кезеңді өткермеу кейінгі өмірде проблемалар туындайды. Ар жағында 30-40 жастағы дағдарысымыз тағы бар, егер аяқсыз қалған дүниелер болса, міндетті түрде сыр береді. Көбінесе адамдар осы жаста, жынысына қарамастан, романтикалық қарым-қатынасқа мұқтаж болған кезде кеңес алғысы келеді, <...> қарым-қатынастар мағынасын жоғалтып, сол романтиканы, сол желпілдеген шақты аңсайды. Кейде осынау бір керемет шақты өткермеген жастарды аяп кетем. (1-психолог, Нұр-Сұлтан)

Бұл кезеңге нелер тән, сондай-ақ несімен қауіпті болуы мүмкін? Әдетте, адам жұбын мінсіз етіп көре бастайды, әсерленушілік арқасында адамның нақты бейнесі жоғалады. Бұл ретте қарым-қатынастар мен тілдесудің басым стиліне, болашақ жұптың ұрыс-көрісті еңсеру қабілеттеріне, серігінің туыстарымен қалыптасатын қарым-қатынастарға және т.б. назар аударған жөн.

– Біз <...> басқа адамды әсірелеп көретін кезде, басқаның үмітін ақтағымыз кеп тұрады. Екінші адам да өзін жақсы жағынан көрсеткісі келеді. Біз бір бірімізге белгілі бір үміттер артып жатамыз. (4-психолог, Қарағанды)

– Еркек пен әйел бөлек бір күй кешеді. Олар болашақ туралы ойламайды, <...> өйткені бұл сезімдер, эйфория кезеңі. Бұл кезде бірінші орында логика емес, эмоциялар тұрады. (2-психолог, Семей)

3-кесте. Некеге дейінгі қатынастар кезеңі (Сарапшылармен сұхбат негізінде талдау нәтижелерін қарау)

Кезең	Сөз/фраза	
	Мағыналық топ	Түйін сөздер/фразалар
Некеге дейінгі қарым-қатынас	Иррационалды мінез-құлық, ортақ әсерленушілік артуы	«сезімдер, эйфория кезеңі» «кәмпит-букет кезеңі» «біршама транс жағдайы» «бірінші орында эмоциялар» «рационалдық емес әрекеттер» «болашақ туралы ойламайды» «қызғылт көзілдірік кезеңі»
	Серігін мінсіз етіп көру	«серігінің үмітіне сай келу ниеті» «өзін жақсы жағынан көрсету»
	Жаңа әлеуметтік рөлдер игеру	«ерлер мен әйелдер рөлі»
	Бір бірімен танысу және ақпараттық алмасу	«қарым-қатынастарды қалыптастыру кезеңі» «бір бірін танып-білу»

2. Некеге тұру

Сұхбатты талдау отбасының өмірлік циклінің осы кезеңін сипаттауда кемінде 20 түйін сөздер мен фразалар анықтады. Сонымен қатар, түйін сөздер мен фразалардың көпшілігі жоғары шиеленіс әлеуетін және ажырасу қаупімен байланысын көрсетеді. Негізінде – бұл отбасы өміріндегі алғашқы ауқымды дағдарыс кезеңі. Әртүрлі бағалаулар бойынша ол 1 жылдан 3 жылға дейін жалғасуы мүмкін. Оның негізгі ерекшеліктері қандай?

Дағдарыс белгілі бір дәрежеде барлық отбасыларға әсер етеді. Ең конструктивті және тату-тәтті деген отбасының өзінде ұрыс-керіс боп тұрады.

– Бұл кезең бәрінде болатынын түсінген абзал. Онсыз біз ешқайда жылжи алмаймыз. Оны өткеру маңызды. (4-психолог, Қарағанды)

Дағдарыс ерлі-зайыптылардың ортақ өмірдің шындығына тап болуына байланысты туындайды. Бірлесіп шешуді қажет ететін алғашқы елеулі проблемалар туындайды.

– Егер мұнда (некеге дейінгі қарым-қатынастар) біз жұбымызға «қызғылт көзілдірік» арқылы қараған болсақ, кейіннен біз тұрмыстық салаға аяқ басамыз. (2-психолог, Семей)

Бірге шешетін, белгілі бір келісілген көзқарасты қажет ететін бірқатар сұрақтар туындайды (қаржыны бөлу, туыстармен қарым-қатынастар және т.б.). Нәтижесінде ерлі-зайыптылар арасында өскен үйінде сіңірген идеологиялар қайшылығы туындайды.

– Ата-анасының үйінде көріп өскен отбасының үлгісі мен басқа отбасындағы тәжірибе қайшы келіп жатады. (2-психолог, Семей)

– Себебі әрқайсымыз бөлек отбасында өстік. Әр отбасының өз дәстүрлері бар. Мұнда әркім өз шабаданымен келеді. Бұл шабаданды қайта қарау және ортақ шкафа жасау өте маңызды. (4-психолог, Қарағанды)

Қақтығыстар әртүрлі болуы мүмкін, бірақ олардың түпкі міндеті – ерлі-зайыптылар арасында маңызды мәселелерге қатысты ымыраға келу (үнсіз келісім жасасу). Яғни, дағдарыс жалпы келісімдерге қол жеткізу арқылы шешілуі керек.

– Бұл жерде дағдарыстың ымыраға келу кезеңіне ауысуына назар аудару керек. Еркек пен әйел отбасын және ортақ болашақты сақтау үшін үшінші нұсқаны табуға болатынын түсіне бастайтын кез. (2-психолог, Семей)

– Яғни, кімнің нені қалайтыны және қалай болатыны жайлы алдын ала келісіп алған жөн. Әркімнің өз үміттері бар және бұл үміттерді отбасында жүзеге асыру маңызды. <...> Бірлесіп қалыпты өмір сүру үшін ымыраға келу маңызды. (4-психолог, Қарағанды)

Алғашқы жылдардағы дағдарыс жағдайында аса маңызды қасиет – бәрін ашып айту, бір бірін тыңдай білу, үнсіз қалмай, бүкіл проблемалар туралы сөйлесу. Негізінде мұндай дағдыны некеге дейінгі қатынастар сатысында қалыптастырған абзал.

– *Отбасының негізгі проблемалары жұптың бір-бірін тыңдамауынан туындайды.* (2-психолог, Семей)

– *Үнсіз қалмау керек, өйткені отбасы, жұбайлар – бұл бір біріне ең жақын жан-дар.* (4-психолог, Қарағанды)

Сарапшылар некенің алғашқы жылдарында, қарама-қайшылықтар мен ымыраға келу кезеңінде, бір жағынан, ішкі шекараларды құру және туыстарынан бөліну, екінші жағынан, үшінші тұлғалардың араласпауы үлкен рөл атқаратынын айтады. Ең дұрысы, мұндайды бала туылмай тұрған кезеңде өтіп кеткен жақсы, өйткені баланың туылуы – бұл отбасындағы жағдайды нашарлатуы мүмкін ауыр дағдарыс.

– *Егер осы кезеңде басқа адамдар болмаса, әлі балалар болмаса, онда бұл оңайырақ болады, өйткені үшінші тараптар пайда болғанға дейін бірге келіссөздер жүргізу оңайырақ. Бірінші кезеңде ерлі-зайыптыларға бөтен адамдарсыз келіссөздер жүргізуді үйрену маңызды.* (4-психолог, Қарағанды)

Сонымен, некелесу кезеңінде ерлі-зайыптылардың рөлдік құрылымында үлкен өзгерістер болады. Ерлер мен әйелдердің рөлдері күйеуі мен әйелі ретінде өзгереді. Психологтардың көзқарасы бойынша аса маңызды кезең – рөлдердің жаңа иерархиясы қалыптасуы («махаббат иерархиясы»). Дұрыс иерархия келесідей көрінеді: бірінші орында – мен, екінші орында – жұбайым, үшінші орында – балалар, төртінші орында – ата-аналар, содан кейін қалғаны (мысалы, жұмыс және т.б.). Егер осы иерархияда екінші орынды басқа біреу алса, онда қиындықтар туындайды, өйткені психологиялық деңгейде неке одағы жұбайымен емес, басқа біреулермен болады.

– *Бұл кезде (некеден кейінгі алғашқы жылдар) ата-аналар да, достар да, тіпті туылғаннан кейін, балалардың өзі кейінгі орынға ауысады. Олар махаббат иерархиясында жұбайынан кейінгі орында болады. <...> Егер махаббат иерархиясы бойынша ерлі-зайыптылардың біреуі екінші орында болса, онда бұл ретте жұбына орын жоқ дегенді білдіреді. Басқа біреумен немесе бір нәрсемен жұптасу сияқты.* (4-психолог, Қарағанды)

4-кесте. Некеге тұру

(Сарапшылармен сұхбат негізінде талдау нәтижелерін қарау)

Кезең	Сөз/фраза	
	Мағыналық топ	Түйін сөздер/фразалар
Неке қию	«Күйеуі», «әйелі» рөлдерін игере отырып, рөлдердің жаңа иерархиясын қалыптастыра бастау	«күйеуі және әйелі рөлдері» «махаббат иерархиясын қалыптастыру»

Кезең	Сөз/фраза	
	Мағыналық топ	Түйін сөздер/фразалар
Неке қию	Ортақ өмір шындығымен бетпе-бет келу	«қызғыл көзілдірік шешіледі» «махаббатты тұрмыс жойды» «алғашқы ортақ проблемалар кезеңі» «көптеген ұрыс-керіс пен ажырасулар»
	Құндылықтардың қақтығысы және оларды қайта бағалау	«идеологиялардың қайшылығы» «қарама-қайшылықтар қақтығысы» «әркім өз шабаданымен келеді» «жұбайлар мен олардың ата-анасының көзқарастар қайшылығы» «құндылықтарды қайта қарау» «өзара наразылықтар» «үйренісу кезеңі»
	«Шарт» жасасу	«бөтен адамдарсыз келісуді үйрену» «алдын ала шешіп алу» «шарт жасасу» «ымыраға келу» «басымдықтарды бөлу» «алғашқы ортақ бастамалар кезеңі» «ата-аналардың араласуы»
	Некенің міндетті кезеңі	«міндетті кезең» «ерлі-зайыптылар белгілі бір сынақтардан өтуі керек»
	Басқа: «бал айы»	

3. Бірінші баланың туылуы

Көптеген сарапшылардың пікірінше, бірінші баланың дүниеге келуі – отбасындағы ең ауыр дағдарыс кезеңі. Көбінесе тұңғыш баланың дүниеге келуі некедегі өмірдің алғашқы жылдарындағы дағдарыс кезеңіне тура келеді. Сонымен қатар, әрбір келесі баланың дүниеге келуі де дағдарыстың бір түрі болып табылады, бірақ ол жұмсақ өтеді. Әдетте, бірінші баланың дүниеге келуі – бұл жаңа болған ата-аналардың үміттері мен заттардың нақты жағдайына дайын болмауына байланысты шындық. Баланың дүниеге келуі отбасындағы жағдайды түбегейлі және жылдам өзгертеді.

– Ең үлкен дағдарыс – бірінші баланың туылуы. Ал екінші, үшінші балалар туылғанда олар үйреншікті тіршілігін кеше береді. (5-психолог, Қарағанды)

– Кішкентай баламен бірге көптеген міндеттер пайда болады. Біреудің баласын көру бөлек нәрсе. Ал адамның өз баласы туылған кезде, ерлі-зайыптылар күтпеген жағдайға тап болуы мүмкін. (3-психолог, Алматы)

Сарапшылардың пікірінше, қандай факторлар отбасындағы ұрыс-керістің жоғары деңгейіне әсер етеді және ажырасу қаупін арттырады?

- Алғаш рет ана болған әйелдің физикалық және психологиялық осалдығы. Босанғаннан кейінгі кезең гормоналды, эмоционалды, функционалды өзгерістермен қатар жүреді, депрессиялық күй пайда болуы мүмкін.

- Қаржылық мәселелер, кірістер мен шығыстарды қайта бөлу. Көптеген отбасылар үшін баланың дүниеге келуі отбасылық бюджетке айтарлықтай әсер етеді.

▪ Құндылықтар қақтығысы және оларды қайта бағалау, бұл баланы тәрбиелеу, бала күтімі мен үйдегі міндеттерді бөлу мәселелерін қозғайды. Көбінесе бұл кезеңде ерлі-зайыптылардың ата-анасының кірісуі, соның ішінде балаларды тәрбиелеу мәселелерінде байқалады.

– Тәрбиеге қатысты әртүрлі көзқарастар. Бұл жерде ерлі-зайыптылар, дүниеге келген баланың анасы мен әкесі бала тәрбиесі бойынша белгілі бір келісімге келгендері жөн. Сонымен бірге ата-аналарымен де келісіп алу қажет. (3-психолог, Алматы)

– Егер келісімге келу кезеңінде мәселелер шешілмеген болса, бала дүниеге келген уақытта ынтымақтастық болмаса, онда бұл мәселелер уақыт өте шиеленісе беретін болады. (4-психолог, Қарағанды)

▪ Отбасының рөлдік құрылымын қайта жасау:

а) ана және әке деген жаңа рөлдерді қабылдау;

б) ер адамға қарағанда әйелдің аналық рөліне тез бейімделуі және қабылдауы;

в) бала туылған соң алғашқы уақытта «ана-бала» деген күшті диаданың қалыптасуы; әдетте, «ана-әке-бала» күшті триадасы қалыптасуы үшін белгілі бір уақыт қажет.

▪ Баланың балабақшаға бара бастауы. Баланың балабақшаға бейімделу кезеңімен байланысты: жиі ауыру, балада неврологиялық проблемаларды анықтау ықтималдығы, баланы бастапқы әлеуметтендіру.

– Бала балабақшаға барғанда, көптеген аналар жұмысқа шығу туралы ойлана бастайды. Міне, тағы да дағдарыс – жағдайдың өзгеруіне бейімделу керек. Бала балабақшаға барған кезде бастапқы әлеуметтену жүреді және көбінесе сол кезде дамудың кідірісі, неврологиялық проблемалар болуы ықтималдылығы анықталады. Тағы да, қосымша дағдарыс, бала күтуші алып, басқа балабақшалар іздеу, дәрігерге жүгіну. Осының барлығы отбасын қайта біріктіріп, жаңа міндеттер қойып, келісімге келуді қажет етеді, оның үстіне ұрысып, ажырасып кетпей, отбасын сақтап қалу керек. (3-психолог, Алматы)

▪ Ерлі-зайыптылардың кәсіби өсу мүмкіндігі нашарлайды, бұл ең алдымен әйелдерге әсер етеді.

– Көбінесе анасында, егер ол жұмысқа барса, қандай да бір қиындықтар туындап жатады. Себебі ол жұмыс істеуге, арасында еңбекке жарамсыздық қағазын алуға, үйдегі міндеттерін орындауды жалғастыруға немесе оларды қайта бөлуге мәжбүр. Яғни, отбасы өмірінің өте қарқынды кезеңі. Көбінесе, осындай кезде ұрыс-керіс жиілеп кетеді. (3-психолог, Алматы)

▪ Балаға қатысты көзқарастар мен үміттерді қалыптастыру процесі. Қате көзқарастар мен үміттерді анықтау қаупі бар. Метафоралық тұрғыдан психологтар дұрыс көзқарас мәнін «бала – бағың» фразасымен белгілейді. Ата-аналар бала олардың сүйіспеншілікке деген қажеттілігін өтеуге міндетті емес екенін түсінуі керек. Керісінше, ата-анасы махаббат сыйлайды. Балаға қатысты «сен маған қарыздарсың, өйткені сен үшін бірдеңені құрбан еттім» деген сияқты деструктивті көзқарас болмауы керек.

– Ата-аналар үшін баланың туылуы олардың саналы таңдауы екенін түсіну өте маңызды. Олар баланы кәрілігін қамтамасыз ету, кейінірек олардан бірдеңе алу үшін туған жоқ. Бала бізге берілген бақ, біз оларды өмір сүруге үйретіп, қанатын қатайтуымыз керек. Бала арқылы мақсатымызға жетуді немесе қажетімізді алуды көздемеуіміз керек. Олардың өз өмірі, өз таңдауы болуы керек. (4-психолог, Қарағанды)

5-кесте. Бірінші баланың туылуы
(Сарапшылармен сұхбат негізінде талдау нәтижелерін қарау)

Кезең	Сөз/фраза	
	Мағыналық топ	Түйін сөздер/фразалар
Бірінші баланың туылуы	Анасының физикалық және психологиялық осалдығы	«гормоналды, эмоционалды, функционалды өзгерістер» «депрессия жағдайы»
	Құндылықтар қақтығысы және оларды қайта бағалау	«қайшылықтар қақтығысы» «идеологиялар қақтығысы» «құндылықтарды қайта қарау» «ерлі-зайыптылар мен олардың ата-аналары көзқарастарының қақтығысы»
	Отбасылық бюджет	«экономикалық ресурстарды қайта бөлу»
	Рөлдік құрылымдағы өзгерістер, «ана», «әке» рөлдерін игеру	«махаббат иерархиясын құру» «ата-ананың рөлі» «асыраушы рөлі» «ана мен бала диадасы»
	Балаға қатысты дұрыс көзқарас пен үміттер қалыптастыру	«бала – бағың»
	Ерлі-зайыптылардың ата-аналарының отбасына, оның ішінде балаларды тәрбиелеу мәселелеріне араласуы	«ата-ананың кірісуі»
	Ұрыс-керіс пен ажырасу қаупінің жоғарылауы	«ұрыс-керіс пен ажырасу көп» «ең үлкен дағдарыс»

4. Орта жастағы отбасы

Өмірлік циклдің бұл кезеңінің басқасынан айырмашылығы – ең ұзақ кезең. Көбінесе оның басталуы отбасындағы тұңғыш бала мектеп оқушысы болған сәтке сәйкес келеді және отбасындағы барлық бала кәмелетке толғанға дейін жалғасады.

Әдетте, бұл кезеңде отбасы көптеген мәселелер бойынша ымыраға келеді, ұрыс-керістер сирей бастайды.

Алайда, сарапшылармен жүргізілген сұхбатты талдау көрсеткендей, осы кезеңді сипаттау кезінде «ең қиын кезең», «өте қиын кезең», «көбінесе психологқа жүгінеді» деген сияқты сипаттамалар жиі айтылды. Мұның себебі – балалар мен жұбайлардың бірқатар жеке дағдарыстары.

– Білесіз бе, көптеген отбасыларда бұл кезең (мектеп) ең қиын саналады. Ата-аналардың жеке дағдарыстары да әсер етеді. (3-психолог, Алматы)

Осындай дағдарыстар қатарына мыналар жатады:

▪ **Баланың мектепке баруына байланысты дағдарыс.**

– <...> бірінші баланың мектепке баруы <...> – бұл тағы да келісім, тағы да ережелерді қарастыру. Бұл жерде проблема өте көп: кім төлейді, кім апарып, алып қайтады, кім сабақ оқытады дегендей... Бір анекдот бар ғой: көршілердің өзі жаттап алды, ит жауап беріп тұр, қолым талды, ал балам сабақты әлі білмейді. Яғни, осы тұрғыдан бұл өте ауыр кезең. (5-психолог, Қарағанды)

▪ **Баланың өтпелі кезеңі.** Бұл жеке адамның өміріндегі ең ауыр дағдарыс болып саналады, көптеген қырлары бар. Метафоралық сипаттау – «тұңғыыққа секіру». Бала өседі, өзіне деген басқаша көзқарас талап етеді, бірақ әлеуметтік жетілмеген күйінде қала береді. Ата-аналар алдында қиын міндет тұр – бала мен ата-ана қарым-қатынасын ынтымақтастық қарым-қатынас пен ашық диалог болатындай етіп қайта қалыптастыру.

– «Мен саған ненің дұрыс, ненің дұрыс емес екенін айтам» деген жоғарыдан пікір айту арқылы баланың шамына тиеміз, ол қарсылық білдіре бастайды, егер осы қалыптан өзгермесек жаңа проблемалар туындайды. Бұл жерде ата-аналар бұйрық беретін емес, ынтымақтасын ата-анаға ауысуы керек. Бұл ретте келісу, <...> өзара әрекеттесу туралы айтып отырмын. Баланың жетістікке жетуі де осыған байланысты болмақ. Өйткені оған да оңай емес, гормондар ойнап, көңіл-күйі ауытқып тұрады, оны өзі де түсіне бермейді. (4-психолог, Қарағанды)

▪ **Орта жастағы дағдарыс.** Әдетте, 30-50 жасында адам шамадан тыс өзін-өзі сынау, өткеннің құнсыздануы, депрессиялық эпизодтар, зиянды әдеттердің шиеленісуі, болашақтан қорқу, мақсаттардың болмауы, жөнсіз әрекеттер сияқты өмірлік тәжірибені қайта бағалаумен байланысты эмоционалды жағдайға тап болуы мүмкін.

▪ **Орташа отбасындағы дағдарыс.** Отбасымен байланысты өмірлік тәжірибені қайта бағалау орын алады. Сарапшылардың пікірінше, толық отбасыларда екі дағдарыс жиі кездеседі: орта жастағы дағдарыс және орта отбасылық дағдарыс. Орташа отбасылық дағдарыс шамамен 10-20 жыл бірге тұру кезеңінде болуы мүмкін.

– Оны қалай анықтаймыз? Отбасының белгілі бір картинасы қалыптасқан, бірақ құндылықтарды қайта бағалау бар. 40 жыл өмірімде неге қол жеткіздім? Өзімнен кейін балаларыма не қалдырамын? Отбасылық өмірге аяқ басқалы қандай жоспарларымды жүзеге асырып үлгерген жоқпын? Болашақта өзімді жүзеге асырудың тағы қандай мүмкіндігі бар? Өткеніме өкпем бар ма? <...> Осыларды мен «құрт» деп атаймын. Бұл ретте бірлескен өмірдің артықшылығы мен кемшіліктерін іздеудің орнына, отбасын бірге жақсартуды ойластыру маңыздырақ. (2-психолог, Семей)

6-кесте. Орта жастағы отбасы**(Сарапшылармен сұхбат негізінде талдау нәтижелерін қарау)**

Кезең	Сөз/фраза	
	Мағыналық топ	Түйін сөздер/фразалар
Орта жастағы отбасы	Оқушы баланың есеюіне байланысты дағдарыстар	«бала мектепке барады» «өтпелі жас – тұңғыыққа секіру» «бала және ата-ана қарым-қатынастарын қайта қалыптастыру»
	Ерлі-зайыптылардың жеке дағдарыстары	«ерлі-зайыптылардың орта жасының салмағы» «отбасының орта жасының салмағы»
	Ұрыс-керістің жоғары деңгейі	«ең ауыр кезең» «өте күрделі кезең» «қиындықтар жиі туындайды» «психологқа жиі жүгінеді»

5. Кемел отбасы кезеңі

Сарапшылар ерекше атап өткен маңызды кезеңдердің бірі – «кемел отбасы кезеңі». Бұл кезең ересек балалар ата-анасының үйінен кететін кезеңді қамтиды. Психологтар да, медиаторлар да өз тәжірибелеріне сүйене отырып, осы кезеңге баса назар аударады. Негізгі сипаттама – «босап қалған ұя». Ерлі-зайыптылардың негізгі эмоционалды жағдайы – жалғыздық. Осы кезеңде ерлі-зайыптылардың ұрыс-керіс пен тіпті ажырасуға дейінгі жағдайларға байланысты психологиялық және құқықтық көмекке жүгіну жағдайлары жиі кездеседі.

– *Ұрыс-керіс кезеңі ұзақ жылдар бойы бірге өмір сүргеннен кейін басталады, бұл балалардың кетуімен байланысты жалғыздық пайда болған кезде орын алуы мүмкін. (1-медиатор, Семей)*

Неліктен кемелденген отбасының бұл кезеңі проблемалы болуы мүмкін? Сарапшылардың пікірлеріне сүйене отырып, бірнеше маңызды пікірлерді келтіруге болады.

Біріншіден, ересек балалар бөлек кеткен кезде ерлі-зайыптылар өздерін байланыстыратын жалғыз нәрсе балалар екенін түсіне бастайды.

– *Келесі кезең – бұл балалары бөлек кеткен, кемел шақтағы отбасы. Міне, бұл ерлі-зайыптылар арасындағы проблемаларды түсіну дағдарысымен байланысты. Егер олар тек балалармен байланысты мәселелерді шешумен өмір сүріп келген болса, онда балалар өз өмірлерімен айналыса бастағанда, ерлі-зайыптылар ортақ ештеңе қалмағанын байқай бастайды, олардың ортақ мүдделері болмауы да мүмкін. Оларды байланыстыратын ортақ ештеңе жоқ болуы мүмкін. Мұндай жағдай проблемаларды азайтпайды, керісінше, көбейтеді. (4-психолог, Қарағанды)*

Екіншіден, ересек балалардың бөлек кетуі ерлі-зайыптылар жұбында махаббат сезімін өзара тәуелділік алмастырғанын білдіруі мүмкін.

– *<...> әр бала өз жолымен кететін уақыт келеді. Бұл симбиоз, үйреншікті өмір кезеңі, яғни, көп жағдайда бұл кезеңде махаббат жоқ, өзара тәуелділік қана қалады деп жатады. (2-психолог, Семей)*

Үшіншіден, орта жастағы дағдарыс, сондай-ақ зейнеталды жасқа жақындауға немесе зейнетке шығуға байланысты жеке дағдарыстар қатар келуі мүмкін.

Сарапшылар осы кезеңдегі ерлі-зайыптылар балаларының жеке өміріне араласа бастайтыны сияқты маңызды «жанама әсерді» атап өтеді. Көбінесе бұл баланың отбасылық өміріне қатысты белсенді позициясы бар әйелдерге тән. Психологиялық тұрғыдан кемел отбасының белгісі ерлі-зайыптылар ана мен әкенің рөлдеріне тіреліп қалмайды, басқа рөлдерді жандандырып, ең бастысы – өмірдің басқа да қызықты қырларына назар аударып бастайды.

– Бұл жерде балаларына көбірек көңіл бөлген әйел <...> аналық рөлінен бөлек кім бола алатынын түсінгені маңызды. <...> Ол аналық рөлінен бөлек жұбайы, әйел, құрбы сияқты рөлі бар екенін ұмытпағаны абзал, өзіне керекті іспен айналысып, өзін толықтырып жүргені маңызды. Сол кезде ғана балалардың үйден жырақтауы жеңілдірек өтетін болады. (4-психолог, Қарағанды)

– Біз жасымыз келіп, зейнетке шыққанда және балалар бөлек кеткен кезде олардың өз отбасы, өз проблемалары, өз мүддесі пайда болатын кезеңі басталады. Сол кезде біз кірісе бастаймыз. Бізде тәрбиелейтін, үйрететін, кеңес беретін уақыт жеткілікті ғой. Ал біз осы кезде керісінше жасауымыз керек. (2-медиатор, Алматы)

7-кесте. Кемел отбасы

(Сарапшылармен сұхбат негізінде талдау нәтижелерін қарау)

Кезең	Сөз/фраза	
	Мағыналық топ	Түйін сөздер/фразалар
Кемел отбасы	Балалар ата-анасының үйінің кетеді	«босаған ұя» «жалғыздық» «отбасының бөлінуі»
	Өзара тәуелділік	«симбиоз кезеңі» «сезім жоқ, өзара тәуелділік бар»
	Рөлдік құрылымның өзгеруі	«ата және әже рөлі» «ана мен әке рөлінен басқа рөлдерді жандандыру» «ұлы/қызы таңдаған адамды бағалау және оған деген көзқарас»
	Жеке дағдарыстардың салдары	«орта жас дағдарысы» «жұбайлар арасындағы проблемаларды ұғынуға байланысты дағдарыс» «зейнеталды жасқа жақындау»
	Некеге көңілі толмау	«ұрыс-керіс кезеңі» «көптеген жұптар ажырады» «некеге көңілі толмау» «ерлі-зайыптылар арасындағы опасыздық»

6. Қартайған отбасы

Отбасының өмірлік циклін «қартайған отбасы» кезеңі аяқтайды. Бұл кезеңде ерлі-зайыптылардың екеуі де көп жағдайда зейнеткерлік шақта болады. Ұрыс-керіс тұрғысынан бұл отбасы тарихындағы ең жайбарақат кезең шығар. Жұбайлар арасындағы қарым-қатынастар, әдетте, үйлесімді сипат алады, өзара тәуелділік абсолютті күйге түседі.

– <...> егер кезеңдер жайлы метафоралық тұрғыдан айтар болсақ, <...> бұл «шабыт пен автор» деуге болады, бұл ретте ерлер үшін әйелі – муза, ол шабыттанып, бірдеңелер жасап жүреді. Әйелі ерін шабыттандырады, ері жасампаз жанға айналады. Мұндай жұптарға қарап сүйсінесің, екі момын, екі қарт адам, бір біріне сондай мейіріммен қарайды. Осы кезде олар қарттыққа қарай аяқ басады, жай қарттық емес, бірін бірі толықтыратын бүтін жандардың қарттығы. (4-психолог, Қарағанды)

Кейбір жағдайларда зейнетке шығуға байланысты дағдарыс отбасылық қатынастарға теріс әсер етуі мүмкін. Бұл ерлерге көбірек қатысты.

– Ерлер мен әйелдерді алып қарасақ, әйел үйде қала береді, үйдің шаруасын істеп жүре береді. Ал үйінің асыраушысы болып келген ер азаматтар үшін бұл нағыз дағдарыс. Енді не істемекпін? Қолымнан не келеді? Мынадай проблема туындауы мүмкін: тәуелділіктер не болмаса «менің қоғамға керегім жоқ» дегеннен туындайтын депрессия». (4-психолог, Қарағанды)


8-кесте. Қартайған отбасы

(Сарапшылармен сұхбат негізінде талдау нәтижелерін қарау)

Кезең	Сөз/фраза	
	Мағыналық топ	Түйін сөздер/фразалар
Қартайған отбасы	Үйлесімді қарым-қатынастар	«екі момын» «мейіріммен қарау» «үйлесімді өмір сүр»
	Жеке дағдарыстар салмағы	«зейнетке шығу» «асыраушы дағдарысы» «депрессия»
	Өзара тәуелділіктер	«бір бірінсіз өмір сүру мүмкін емес»

Әлеуметтік және психологиялық тәсілдерге негізделген отбасының өмірлік циклінің модельдерін салыстырмалы талдау оның жалпыланған схемасын құруға мүмкіндік береді. Сарапшы-психологтар анықтаған кезеңдер А.И. Антонов айтқан отбасының өмірлік циклі кезеңдерімен үйлесімде болуы мүмкін. Осының арқасында әр кезеңнің мазмұны неғұрлым толық және жан-жақты сипаттама алады. Негізгі кезеңдердің ара-қатынасы 2-суретте көрсетілген.

2-сурет. Отбасының өмірлік циклі кезеңдері. Әлеуметтанудағы ОӨЦ моделінің (А.И. Антоновтың әзірлемелері негізінде) және психологиядағы ОӨЦ моделінің (сараптамалық сұхбаттар негізінде) арақатынасы



Негізгі қорытынды. Отбасының өмірлік циклін зерттеудің көптеген тәсілдері бар. Отбасының өмірлік циклі кезеңдерінің саны үштен ондаған түрлеріне дейін болуы мүмкін. Егер әлеуметтануда отбасының өмірлік циклі, мысалы, отбасылық функциялар мен рөлдердің өзгеру призмасы арқылы қарастырылса, психологияда – отбасылық дағдарыстар призмасы арқылы қаралады. Модельдің көбінесе балалары бар толық отбасының өмірлік циклін сипаттайтыны әртүрлі тәсілдерді біріктіретін жағдай.

Әлеуметтанушылар жасаған отбасылық өмірлік циклдің ең сәтті модельдерінің бірі ретінде мыналарды келтіруге болады: ата-ана болу алдындағы кезең, репродуктивтік ата-аналық кезең, әлеуметтендіруші ата-аналық кезең, ата-әжелік кезең.

Психологиялық тұрғыдан отбасының өмірлік циклінің келесі кезеңдерін бөлуге болады: 1) некеге дейінгі қатынастар, 2) неке, 3) бірінші баланың туылуы, 4) орта жастағы отбасы, 5) кемел отбасы, 5) қартайған отбасы. Әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктері бар, сонымен бірге тәуекелдер мен отбасылық қатынастарды нығайту әлеуетін де қамтиды. Алайда неке қию және бірінші баланың туылуы сияқты кезеңдер күрделі болып табылады.


ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОТБАСЫЛАРДЫҢ ӨМІРЛІК ЦИКЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сарапшылармен сұхбатты талдау қазіргі қазақстандық отбасылардың өмірлік цикліндегі он бір ерекшелікті анықтауға мүмкіндік береді.

• Дәстүрлердің әсері

Сараптамалық пікірлердің ең үлкен мағыналық блогы дәстүрлердің қазақстандық қоғамдағы отбасының өмірлік циклі ерекшеліктеріне әсерімен байланысты. Блок сарапшылардың бес топқа жинақталған пікірлерінен құралады (3-суретті қараңыз).

3-сурет. Дәстүрлердің қазақстандық отбасылардың өмірлік циклі ерекшеліктерінің бірі ретіндегі әсері



1) Отбасы басты құндылық. Сарапшылар тек жағымды ерекшелік ретінде қарастырады.

– Біздің менталитетіміз бен дәстүріміздің жағымды әсерлері бар, өйткені отбасы - бұл өмірдің маңызды, тіпті ең басты элементі. (2-психолог, Семей)

2) Кіші ұлдың ата-анасымен бірге тұру дәстүрі. Бұл ерекшелік сарапшылар тарапынан бірмәнді баға алған жоқ. Алайда, жас отбасылардың ата-аналарымен/туыстарымен бірге тұруы жағдайында сарапшылардың көпшілігі отбасы үшін артықшылықтардан гөрі кемшіліктер көп екендігімен келіседі.

– Егер біздің қазақ отбасыларының ерекшеліктері туралы айтатын болсақ, кіші ұлы ата-анасымен бірге тұруы керек. Бұл да қиындық, билік етуге ішінара күрес туындайды, кім басты, кім маңызды, осыдан проблемалар басталады. (4-психолог, Қарағанды)

3) Ресми некеге дейін бірге тұруға тыйым салу. Бұл ерекшелікті сарапшылар теріс бағалайды. Олардың пікірінше, ресми некеге тұрып, балалы болғанға дейін, еркек пен әйелдің бірге тұру тәжірибесі болуы керек, сонда олар бірге тұра алатынын немесе тұра алмайтынын түсінетін болады.

– <...> бізде менталитетке байланысты некеге дейін бірге тұруды құптамайды. Мұндай тәжірибе жоқ емес, алайда көптеген отбасылар бұл жағын ұнатпайды. Бұл үлкен қателік. Адамдар бірі бірін тұрмыста, тәжірибеде көріп-білу керек. <...> Бірге тұрып көріп, тәжірибе алады. Содан кейін ғана, жайсыз, белгісіз жағдайға түсіп қаламын деген қорқынышсыз, некеге тұру керек. (2-психолог, Семей)

4) Дәстүрлерді күйеуінің үлкен туыстары тарапынан келінге билік ету құралы ретінде қолдану.

– Отбасылармен жұмыс жасай отырып, кеңес беру кезінде адамдардан ұрыс-керіске себеп болған жағдай туралы жиі естимін, дегенмен олар «біздің салт осындай» деп ақталады, <...>. Шын мәнінде, әйелдер кеңес алуға келгенде айтатын әдет-ғұрыптар мүлдем қарама-қайшы болуы мүмкін. Кейбір дәстүрді отбасында өз беделін арттыру үшін ойлап табады. Мысалы, енелері былай дейді: «сен осылай жасау керексің, өйткені бұл біздің салтымыз». <...> Яғни, осындай жағдайларды бір адамның екінші адамға үстемдік етуі үшін пайдаланады. (1-психолог, Нұр-Сұлтан)


5) Аға буынның дәстүрлі көзқарасы мен жас буынның заманауи көзқарасының қайшылықтары. Бұл жағдайда біржақты бағалау қиын, бұл фактіні анықтауға көбірек ұқсас. Алайда, мұндай нәрселер отбасындағы ұрыс-керіске әкеп соғатынын және ерлі-зайыптыларды психологтарға жүгінуге мәжбүр ететінін ескерсек, сарапшылар көбінесе жас буын өкілдерін жақтайды.

– Көбінесе әйелдер, қыздар, ересек туыстардың дәстүр бойынша өмір сүргісі келетініне шағымданады. Ал жастар – олар өз отбасын еуропалық дәстүрлерге жақын етіп құрғысы келеді. (3-психолог, Алматы)

• Өңірлік және аймақтық ерекшеліктер әсері

Бірқатар сараптамалық пікірлер «Өңірлік және аймақтық ерекшеліктер әсері» деген жалпы атаумен біріктірілді. Сарапшылардың көпшілігі қазақстандық отбасылардың өмірлік цикліне өңірлік және аумақтық ерекшеліктер әсер етеді деген пікірде. (4-суретті қараңыз).

4-сурет. Өңірлік және аймақтық ерекшеліктер қазақстандық отбасылардың өмірлік циклінің ерекшелігінің бірі ретінде



Бұл жерде негізгі үш желіні бөліп көрсетуге болады.

1) Орталық-шеткері аймақ. Сарапшылардың айтуынша, көптеген отбасылық және неке мәселелеріне деген көзқарас «орталықта» және «шеткері аймақта» құбылуы мүмкін. Орталық дегеніміз – ірі қалалар, көбінесе Нұр-Сұлтан мен Алматы, шеткері аймақтар – шағын қалалар, ауылдық елді мекендер. Орталық неғұрлым либералды, еуропалық отбасылық құндылықтарды қамтиды, ал шеткері аймақтар, керісінше, дәстүрлі, консервативті отбасылық құндылықтарды дәріптейді.

– Ауылдарда, осындай патриархал отбасыларда отбасы сақталатын шығар, бірақ бұл отбасылардағы әйелдер бақытты ма? Дәл осындай шағын қалаларда, ауылдарда әйел зорлық-зомбылық объектісіне айналады. Олар (әйелдер) жиі зардап шегеді. Үлкен қалаларда, әрине, бізде де осындай отбасылар бар, ондайларды комиссияда болғанда, медиаторлық еткенде көріп тұрамыз. Бірақ шағын қалаларда, отбасылар мұндай тақырыпты ашып айта бермейді. (2-медиатор, Алматы)

– Менің ойымша, аймақтық айырмашылықтар жоқ, бірақ орталық пен шеткері аймақтар мәселесі бар. Шеткері жерлерде басқа құндылықтар, дағдарыстар, психологиялық мазмұн, ал орталықта – мүлдем басқаша, адамдар дарашыл немесе мансапшыл келеді. (6-психолог, Нұр-Сұлтан)

2) Отбасылық дәстүрлердің өңірлік ерекшелігі. Ең күшті дәстүрлі көзқарастар – елдің оңтүстігінде. Елдің оңтүстік өңірлері жағдайында сарапшылар көбінесе жасы үлкен туыстардың беделін, келінің барған жеріндегі жағдайын, отбасылық проблемалар туралы жар салмау және ажырасулар саны сирек кездесетінін алға тартады.


– Солтүстік, шығыс, оңтүстік... Мүлдем бөлек жағдайлар (3-медиатор, Семей)

– <...> оңтүстікте <...> үй шаруасындағы әйел болуды әбден қалыпты жағдай санайтын адамдар жетерлік. Оны әйелдің өзі қалайды ма? Қаламайды? Үйде отыр! Әйел үйде балалармен отырады, еркек отбасына басшылық етеді. Яғни, мұндай жерде гендерлік теңдік саясатын көтеру, шығыс, солтүстік, тіпті батысқа қарағанда қиындау болмақ. (2-психолог, Семей)

• Жалғызбасты аналар проблемасы.

Бірқатар сарапшылар жалғызбасты аналарға қатысты мәселелер жиынтығына баса назар аударады. Әңгіме белгілі бір санатқа кіретін жалғызбасты аналар туралы екенін атап өткен жөн. Нақты айтсақ, екі кейс келтірілді. (5-суретті қараңыз).

5-сурет. Жалғызбасты аналар проблемасы қазақстандық отбасылардың өмірлік циклінің ерекшеліктерінің бірі



1) Көп балалы жалғызбасты ана иек артушылық стратегия ретінде. Әлеуметтік-экономикалық пайда алу үшін әртүрлі азаматтық күйеулерінен бала туатын, көп балалы жалғызбасты аналар мәселесі көтерілуде.

– Қазір бізде жалғызбасты аналар өте көп, білесіз бе, Қазақстанда осындай проблемаға тап болып отырмыз, атап айтқанда – әртүрлі әкелерден көп бала туған әйелдер. Олар былай деп түсіндіреді: «сақтанғысы келмейді», «бала неғұрлым көбірек болғаны жақсы». Сөйтіп алып, әкімдіктен көмек сұрап жүргендері. Алдарына балаларды салып қояды. <...> өйткені өз басым комиссия құрамында болғанда былай деп сұрадым: «Сізге бұл не үшін керек? Онсыз да бес балаңыз бар, барлығы да азаматтық күйеулеріңізден». Кезекті еркек – ол тағы да аяғы ауыр. Тағы да ақшасы жоқ. Не үшін? Оның айтқаны: «маған болмайды, мен өзімнің белгілі бір ұстанымдарым бойынша, сақтана алмаймын». Ол шығып кеткен соң комиссия мүшелерінің айтқаны, мұндай әйелдер баланы осылай алдына қойып, мемлекеттен көмек сұрау үшін қаптатып туады екен. (2-медиатор, Алматы)

2) «Аналық махаббаттың құрсауы». Толық емес отбасыларда туындайтын психологиялық проблема, онда әйел баланы «өзі үшін» тууды шешеді. Айтарлықтай салдары бар – ана мен бала арасында сепарация жоқ, соңғысы өз отбасын құрған жағдайда анасының тарапынан қызғаныш пен манипуляция жасау.

– Өзі үшін туған аналар ұлына да, қызына да тыныштық бермейді: «мен бәрін сен үшін жасадым». Қызғаныштың кесірінен не келінге, не күйеу балаға күн бермейді. Ондай аналар балаларын көбінесе ажырастырып жібереді. <...> Маған келеді де, «өзім үшін тудым» деп жатады. Одан кейін өздерін кінәлаған жастар келеді: «Анам мен үшін бәрін жасады, мен не істеймін енді? Әйеліме біздің қарыздар екенімізді түсіндіріңізі». Әйелі: «Біздің отбасымыз бөлек». Жастар дамудың орнына, әуре-сарсаңда жүреді... Білесіз бе, осындайда баланс бұзылады. (5-психолог, Қарағанды)

• Кеңейтілген отбасылар

Қазақстандық отбасылардың маңызды ерекшеліктерінің бірі – кеңейтілген отбасылардың көптеп таралуы. Қазіргі заманғы жағдайда кеңейтілген отбасының жас отбасыларға әсерін сараптамалық бағалау теріс сипат алады. Отбасы өзінің өмірлік циклін өтіп, ата-аналары мен туыстарынан бөлек қалыптасуы керек. Кеңейтілген отбасы жағдайында бұл мүмкін емес.

– Бізде кезеңдер ерекшеленеді ме? Иә. Табиғат заңдарына сәйкес, біз табиғаттың бір бөлігіміз, жастар ата-аналар отбасынан бөлінуі керек. Яғни, отбасы табыс тауып, өзінікін қорғап, құрып, сондай-ақ бөлісуді үйренуі керек. Яғни, табиғатта бірнеше ұрпақ бір ұяда өмір сүрмейді. Бізде кеңейтілген отбасылар өте күшті әсер етеді. (1-психолог, Нұр-Сұлтан)

– Қазақстандық қоғам жайында айтсақ, <...> көп жағдайда жас отбасылар ата-анасымен бірге тұра береді. Менің жеке пікірім – бұл барлық кезде пайдалы бола бермейді. Жас отбасыларға бөлек өмір сүруге мүмкіндік беру өте маңызды, өйткені қандай да бір дағдарыс орын алса, ата-аналар бұл дағдарыстан өтуге көмектесеміз деп айтуы мүмкін, бірақ кейде бұл олардың қарым-қатынасын нашарлатып жатады. <...> (4-психолог, Қарағанды)

Мысал ретінде, психологтардың тәжірибесінен бірге тұрудың жас отбасына теріс әсерін көрсететін жағдайды келтіруге болады.



5-КЕЙС

– Жігіт қызбен кездесіп жүреді, олар бұған дейін бірге тұрып көрмеген, махаббат, одан кейін неке. Ол кезде жастары 23-24 шамасында еді. Дүниеге сәби келеді. Көрініс: ол балаға қарайды, үйде бәрін жасайды. Анасы (қайын енесі) барлық міндеттерін тастады, әкесінің (қайын атасы) «келін шаршай ма, жоқ па» шаруасы жоқ. Жас әке және күйеу не істеді? Оқудан келген кезде ол тіпті жұбайын да, баласын да сүйместен, компьютерге отырып, өз ісімен айналысып, достарымен көңіл көтеретін болды. Міне, осындай сурет: ол баламен үйде есі шығып жүреді, қолдау тұрмақ, түсіністік танытатын жан жоқ. Яғни, күйеуінің түсінігінше, ата-анасымен бірге тұрады, бәрі жақсы, баспанасы бар, өзі қазір оқып жүр, оған жұмыс істеудің қажеті жоқ. Үйде не істеуім керек? Үйде қарындасым, әйелім және анам бар. Яғни ол үшін өмір салты өзгерген жоқ. Бұл туралы сұрақ туындаған кезде, жауап: неге ол өзгеруі керек? Нәтижесінде бұл отбасы ажырасты. Әрине, отбасы бұдан кейін бірге бола алмады, өйткені әйелі еріне қарағанда әлдеқайда көп өсті. Неліктен мұндай жағдай пайда болды? Маман ретінде айтарым, егер олар бөлек тұрса, қиындықтарға тап болса, қиын болар еді. Бірақ, нәтиже басқаша болуы мүмкін, күйеуі қандай да бір жауапкершілік сезінуі мүмкін еді. (2-психолог, Семей)

Қазақстандық отбасылардың өмірлік циклінің маңызды ерекшеліктерінің бірі ретінде сарапшылар ата-аналар мен туыстардың жас отбасы өміріне кірісуін

атайды. Бұл жас отбасылар арасындағы ұрыс-керістер, дағдарыстар мен ажырасулардың басты себептерінің бірі болып табылады.

– Бүгін біз, шынын айтқанда, ауыр жұмыстардан арылдық. Біз су тасымаймыз, өзенге барып кір жумаймыз және бос уақытымыз көбейді. Аға буын өкілдерінде бос уақыт көп... Олардың тарапынан ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасына белсенді араласу жүріп жатыр. Ерекшелігі осы, сондықтан көптеген психологтар да осы туралы айтады және бұл көбінесе ұрыс-керістің бастауы болады. (1-психолог, Нұр-Сұлтан)

Мысал ретінде психолог пен медиатордың тәжірибесінен алынған бірнеше кейстерді келтіруге болады (6-кейс, 7-кейс). Сарапшылар өздерінің психологиялық және құқықтық тәжірибесінде осындай жағдайларға жиі куә болады.



6-КЕЙС

– Менің тәжірибемде бір жас отбасында ұрыс-керіс болып, екі жақтың туыстары араласқан жағдай болды. Жастар ажырасуға өтініш берді, ажырасу басталды, әкесінің балалармен кездесу тәртібі анықтала бастады. Сот бойынша психологқа келдік, қорытынды жазып, жанжалды талқыладық. Содан кейін әйел жеке консультацияға өзі келді: «Не істеу керек? Күйеуім екеуіміз татуластық, біз жасырын кездесіп жүрміз, менің аяғым ауыр, ал туыстарымыз бір бірімен соғысып жатыр! Не істесек болады?» (1-психолог, Нұр-Сұлтан)



7-КЕЙС

– Менде мынадай мысал бар. Жас жұп. Жап-жақсы тұрып жатқан сияқты, жігіттің коттеджи болды және жақсы ақша тапты, ТҚҚ-да жұмыс істеді. Қыз да жақсы. Бір күні ұрыс болды: күйеуі жұмыстан мас болып келді, әйелі болса: «міне, сен ішесің...». Осылай ұрыс-керіс басталады... Бір кезде ол ұйықтап, демалып, бәрі басылады. Бір кезде әйелінің ата-анасы отбасына кірісе бастайды: «Сен сондай, сен мұндай, ішетініңді білсек қой...» Бір кезде күйеуінің ата-анасы кіріседі, нағыз ұрыс-керіс басталады. Ақырында, олар бір-бірімен татуласты, ал ата-аналары араздасып жүр. Олар ата-аналарына қарап, қайтадан ұрысып қалады. Бұл істі жылы жабудың орнына, олар одан сайын ушықтыра түседі. Ажырасуға жақын қалады. Ерлі-зайыптылар менің көмегіме жүгінді. Оларды тыңдадым да, бірден ата-аналарын шақырдым, екі жақты да отырғызып қойдым... Осы күнге дейін бірге тұрып жатыр. (1-медиатор, Семей)

• Бейқамдық, кеш бөліну

Бірқатар сарапшылардың пікірінше, қазіргі жастар көбінесе бейқам келеді, ата-аналарынан кеш бөлініп шығады – соңғысы оларға қаржылық жағынан да, өмірлік мәселелерді шешу тұрғысынан да қамқорлық жасауды жалғастыра бе-

реді. Тіпті үйленген соң да жас жұбайлар ата-анасының қамқорында қала береді, отбасын құрудың жауапкершілігін толық сезінбейді. Басқаша айтқанда – «кіндігі байланып қалады».

– Бұл ерлі-зайыптылардың екеуінің де ата-анасының отбасымен тығыз байланысы, бөлек кету деген ой жоқ, солармен бір бола береді. (5-психолог, Қарағанды)

– Менің ойымша, бүгінде жастар айтарлықтай бейқам. Яғни, ата-аналары оларды ұзақ уақыт қамқорында ұстайды, олар үшін шешім қабылдайды. Осы кезде жастар некеге тұруды өздерін ересек екенін дәлелдеу әдісі ретінде қарастырады. Міне, үйлендім, отбасым бар, сондықтан еркіндік алуым керек. Олар қандай жауапкершілік алатынын мүлдем түсінбейді. Яғни, олардың ойынша еркіндік алады да, қалағандай өмір сүреді. Сөйтсе <...> мүлдем дайын болмай шығады. (1-психолог, Нұр-Сұлтан)

• Қыздардың мінез-құлық үлгісіндегі қайшылықтар

Қоғамда әйел рөлі туралы қарама-қайшы идеялар қатар жүреді. Бір жағынан қыздарға, одан кейін бойжеткендерге білім, қызмет, өзін-өзі дамыту жағынан жоғары талаптар қойылады. Екінші жағынан, қоғам қыздарға қысым жасайды, оларды белгілі бір жасқа дейін тұрмыс құруға және үлгілі әйел, ана және келін рөлін атқаруға міндеттейді. Нәтижесінде мінез-құлық үлгісіндегі қайшылықтар туындайды, бұл жеке және отбасылық деңгейлерде маңызды психологиялық проблемаларға әкеледі.

- Тағы бір жағдай – бұл күштеп таңылған қайшылықтар. Алдымен қыз баланы белсенді, білімді, тілдер білу керексің деп тәрбиелейді. Қыз 20 жасқа келгенде: «Сен тұрмыста болуың керек, 23 жасқа келдің – әлі күйеуің жоқ, тұрмысқа шығу керек. Қыз бала жар, ана болу үшін жаралған...». Қыздардың мінез-құлық үлгісіндегі қайшылықтар пайда болады, тұрмыс-тіршілікпен айналысатын болса, осынау жылдар бойы не үшін білім алып, 3 тіл үйреніп, не үшін оқулықтар оқығанын түсіне алмай, дал болады. Осындайға дайын болмау, құндылықтарды түсінбеу, дегенмен біздің әйелдердің тағдыры осы... (1-психолог, Нұр-Сұлтан)

• Ресми некелердің басым болуы

Қазақстанда басқа еуропалық елдермен салыстырғанда ресми некелер басым екені байқалады. Ресми некені таңдау аға буынға ғана тән емес, жастар арасында да басымдық етеді.

– <<...> бізде ресми некелер саны көбірек делік. Аға буын да осыны талап етеді, жастардың өзі де қарсы емес. Бұл осындай ерекшелік. (3-психолог, Алматы)

• Ажырасқаннан кейін әйелдер мен балалардың қорғалмауы

Толық емес өмірлік цикл деп аталатын модельдерге қайта оралсақ, ажырасқаннан кейін әйелдер мен балалардың қауіпсіздігі сияқты ерекшелікті бөлек атап өткен жөн. Көптеген сарапшылар, әсіресе медиаторлар, өз тәжірибесінде осындай жағдайларға тұрақты кезігіп отырады. Көбінесе бұл алименттік мін-

деттемелер мәселесінде көрініс табады: алименттік төлемдерден жалтару, табыстарды қасақана жасыру, алименттік төлемдердің аз мөлшері, заңдардың жетілмегендігі. Сондай-ақ, неке кезінде сатып алынған жылжымайтын мүлікті, автокөлікті және басқа да мүлікті үшінші тұлғаларға (көбінесе ер адамның ата-анасы) әдейі ресімдеу, соның салдарынан ана мен балалар ажырасқаннан кейін түксіз қалып жатады.

– <...> *Италияны алып қарайық, ол жақта ажырасу оңай емес, өйткені ол (күйеуі) түксіз қалады. Мемлекеттің өзі отбасын және балалармен қалатын әйелді қорғайды. Бізде ажырасу оңай, бірақ одан кейін әйел алимент іздеп жүгіріп жүргені. Бірақ әлемде бір стандарт бар – ажырасулар болған, бар және бола бермек.* (3-медиатор, Семей)

• Ата-аналары аз уақыт бөлетіндіктен балалардың психологиялық проблемаларының көп таралуы

– *Қазір көптеген психологиялық проблемалар бар, өйткені ата-аналар балалармен сапалы уақыт өткізбейді. <...> Балаларын асырау үшін ата-аналар екі, үш жұмыста істейді. Ата-аналарында «Самсунг» телефоны болса, баласында – «Айфон». Өйткені бар жақсы балаларға. Солай болсын. Олар өз уақытын балалармен ойнауға емес, ақша табуға жұмсайды. Ал бала ойындармен дамиды. Тек ойындармен. <...> Яғни, біз балалармен сапалы уақыт өткізуді қойдық.* (5-психолог, Қарағанды)

• Несиеге той жасау

Несиеге той жасау қазіргі қазақстандық қоғамда кең таралған құбылыс. Бұл тәжірибені сарапшылар аса теріс бағалайды. Несиелер мен бөліп төлеу көбінесе жас жұбайларға және/немесе олардың отбасыларына ауыр жүктеме болып, ұрыс-керіске себеп болады.

– *Айтқым келгені, қазақ отбасыларында несие алып, үш жүз, төрт жүз адамға той жасайды. Балалары ажырасып кетуі мүмкін, ал олар әлі несие төлеп жүреді. Маған осы жағы түк ұнамайды, <...> отбасылық өмірді қарыздан бастау...* (5-психолог, Қарағанды)

Негізгі қорытынды. Осылайша, қазақстандық отбасылардың өмірлік циклінің өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың ішінде: дәстүрлердің әсері, өңірлік және аймақтық айырмашылықтар, ата-аналар мен туыстардың араласуы, кеңейтілген отбасының әсері, бейқамдық/кеш бөліну, қыздардың мінез-құлық үлгісіндегі қайшылықтар, ресми некенің басым болуы, ажырасқаннан кейін әйелдер мен балалардың қорғалмауы; жалғызбасты аналар проблемасы; ата-аналары аз уақыт бөлетіндіктен балалардың психологиялық проблемаларының көп таралуы; несиеге той жасау. Сарапшылардың пікірінше, олардың басым бөлігінің қазақстандық отбасылар үшін жағымсыз салдары бар.

КЕЙІНГІ БІРНЕШЕ ОНЖЫЛДЫҚТАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОТБАСЫЛАРДЫҢ ӨМІРЛІК ЦИКЛІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Зерттеу аясында сарапшылардан соңғы бірнеше онжылдықта қазақстандық отбасылардың өмірлік циклінде қандай өзгерістер болғанына қатысты пікір білдіруді сұрадық. Алынған жауаптарды талдау бірнеше негізгі тұстарын көрсетуге мүмкіндік береді.

1) Өмірлік циклдің кезеңдері (сатылары), дағдарыс кезеңдері «қысқарды».

Кейбір кезеңдердің жедел өтуі байқалады, неке немесе ажырасу туралы шешімдер бұрынғыға қарағанда жылдам қабылданатын болған деген пікір айтылды.

– *Адамдар қазір ойланып, созып жүрмейді. Уақыт зымырап бара жатқаннан шығар. Осындай кезеңдер қысқарып кеткен сияқты. Мысалы, тез сөз байласып, тез үйленіп, тез ажыраса салады. Уақыт қысқарып кеткен, адамдар таңдаған адаммен тұра алмайтынын тез түсінеді, басқа адам, басқа өмір керек деген ойға келеді. Қазір адамдар жылдам шешім қабылдайды, уақыт соза бергеннен пайда жоқ деп түсінеді. (6-психолог, Нұр-Сұлтан)*

2) Отбасын сақтау мәселесіне деген көзқарас өзгерді.

Сарапшылар отбасына және, тиісінше, ажырасуға деген көзқарас өзгергені туралы айтты. Әсірелеп айтсақ, «отбасын сақтағаннан гөрі, ажыраса салу оңай» деп келтіруге болады.

– *Бұрын отбасы бүкіл өмірге құрылатын. Қазір бірдеңе ұнамаса, отбасын бұза салуға болады деген үрдіс бар. «Мен жақсырақ адам іздеп көремін» деген оймен шаңырақтар шайқалып жатады. Бірақ алдымен дағдарысты жеңуге тырысу керек, өйткені кез-келген дағдарыс жеке даму болып табылады, ол бізге дамуға және күшейе түсуге мүмкіндік береді. Дағдарыстан қашқан кезде біз бұл мәселені шешпейміз. Біраз уақыттан кейін осы жағдайға тағы кез боламыз. (4-психолог, Караганды)*

– *Ажырасу оңай болып кетті. Сот туралы айтпаймын. <...> мынадай қарапайым мысал – «мен жаңасын алғанша, шалбарымды тігіп алайын». Отбасында да осылай – «жаңасын іздегенше, өз отбасымды реттейін». (3-медиатор, Семей)*

3) Экономикалық факторлардың әсерінен отбасы бұрынғыдай маңызды «жоба» емес.

Нарықтық экономикаға көшу және одан туындаған бірқатар әлеуметтік-экономикалық проблемалар салдарынан, мансап, бизнес және ең бастысы материалдық қамтамасыз ету және экономикалық мәселелерді шешу қажеттігі сияқты дүниелердің қасында, отбасы құндылығы төмендеп кетті деген пікір айтылды. Нәтижесінде балаларға ата-аналары тарапынан қажетті көңіл бөлінбейді, ерлі-зайыптылар бір-біріне жеткілікті көңіл бөлмейді, жеке отбасы ішінде салт-дәстүрлер қалыптаспайды немесе күші болмайды.

– Қазақстанның тәуелсіздігі мен қайта құру кезеңдері отбасына әсер етті, ал қазір жас отбасылар жанұясына қарағанда бизнеске, іске аса мән бере бастады. Отбасы маңызды жоба емес, мысалы, бизнес сияқты құндылық емес және бұл отбасына әсер етеді. Шынында да нарықтық экономика, қызметтің өзгеруі өте қатты әсер етті, адамдарды отбасынан алшақтатты. (6-психолог, Нұр-Сұлтан)

4) Болашақ жұбайын таңдау кезеңінде материалдық және мәртебелік құндылықтар басымдыққа етеді.

– Енді қалыңдық, күйеу жігіт таңдауға саналы түрде қарай бастадық. Үйі, көлігі бар ма, ақшаны қалай табады деген сияқты. Туыстарының жағдайына, олардың билігіне қарайды. (1-медиатор, Семей)

– Құндылықтар өзгерді – сезімдер материалдық, практикалық тұрғыдан өлшенеді. Ақшамен өлшенбейтін, желкілдеген романтикалық кезең жайына қалады. (1-психолог, Нұр-Сұлтан)

5) Ортақ құндылықтар мен отбасы туралы көзқарастарға байланысты қоғамның жіктелуі. Діннің рөлі күшеюі. Сарапшылардың айтуынша, қазіргі қазақстандық қоғамда отбасылық нормалар мен құндылықтарды өзгерту процесі жүріп қана жатқан жоқ. Дәстүрлі көзқарастарды ұстанатындар мен отбасына заманауи көзқарастағы адамдар арасында алшақтық бар. Сонымен қатар, дәстүрлі отбасылық құндылықтар жағдайында діннің рөлі артуына байланысты неке мен отбасының діни-этикалық нормалары қолданылады.

– Қоғам қазір екіге бөлініп жатыр. Кейбіреулері еуропалық құндылықтарға, өмір салтына, менталитетке бағытталған. Ал басқалары дәстүрлі құндылықтарға бағытталған. (3-психолог, Алматы)

– Егер кеңес қоғамында дін мемлекеттен тыс жерде болып, негізінен қарт адамдар ұстанған болса, қазір бізде діни институттардың ықпалы өте күшті. (3-психолог, Алматы)

6) Отбасылардың экономикалық жағдайына байланысты жіктелудің күшеюі.

– Бұрын өмір сүру деңгейі бірдей болатын. Отбасылар арасындағы шамалы айырмашылықтар болды. Ал қазір өмір сүру деңгейі әртүрлі. Отбасының байлығына байланысты адамдардың өмір салты да бұрынғыға қарағанда қатты ерекшеленеді. (3-психолог, Алматы)

7) Азаматтық неке немесе ресми тіркеусіз неке саясатының таралуы. Сарапшылар балалары некесіз туылатын, бірақ бірге тұратын ерлі-зайыптыларға қатысты алаңдаушылық білдіретінін айта кеткен жөн.

– *Көбінесе азаматтық некеде ерте ме, кеш пе ажырап кететін отбасылар тұрады. Неке оларды ресми түрде ұстап тұрады деп айта алмаймын. Жоқ, бұл адамдар бастапқыда отбасылық ұяшыққа мән бермейді және «тұрып жатырмыз ғой» деп жүре береді. Бұл, әрине, дұрыс емес, әйел мен балаларға әсер етеді.* (2-психолог, Семей)

8) Танымал психологияның әсері. Интернет пен әлеуметтік желілер кейінгі жылдары әртүрлі мазмұндағы психологиялық материалдармен қаныққан. Олардың көпшілігі ерлер мен әйелдердің қарым-қатынасы, неке және ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасқа қатысты. Ұсынылған материалдардың барлығы бірдей ғылыми емес және кері әсерін беруі мүмкін. Сонымен қатар, олар халық арасында өте танымал және адамдар оларды басшылыққа алып жатады.

– *Интернеттегі психологиялық ашықтық, жеке мәселелерді қалай шешу керек екенін тауып, оқи аласыз. Отбасы есебінен емес, өзің өсіп, өзің жетілу керексің деген пікір бар. Ал басқалары, керісінше, ешкімге ештеңе қарыз емеспін деп санайды. Мұндай популистік нұсқалар шешім қабылдауға әсер етеді. Яғни, интернеттен алынған ақпарат кейбір міндеттемелерден босатады.* (6-психолог, Нұр-Сұлтан)

9) Жас отбасыларды ата-аналардан бөлек шығару мәселесі. Бұл мағыналық топ бір біріне қарама-қайшы бірнеше пікірді қамтиды. Осылайша, бірінші сарапшы ата-аналар мен ересек балалардың өзара тәуелділігі артып келеді деген пікірге бейім.

– *Біріншіден – жұбайлардың ата-аналарының отбасымен тығыз байланысты болуы, бөліну, бөлек шығу жоқ. <...> күшейе береді. Күшейеді.* (1-психолог, Нұр-Сұлтан)

Сонымен бірге, екінші сарапшы көп жылдық тәжірибесіне сүйене отырып, кеш бөліну өте көп болған, бірақ кейінгі кезде мұндай жағдайлардың саны азая бастағанын айтты.

– *Бұрын ата-аналарымен бірге тұру жағдайлары әлдеқайда көп болатын. Қазіргі жастар ертерек бөлініп, өз күндерін көретін жағдайлар көбірек.* (4-психолог, Қарағанды)

Сарапшылардың пікірлері өңірлік тұрғыдан негізделген болуы мүмкін. Атап айтқанда, бірінші жағдайда психолог қызметін ондаған жылдар бойы Нұр-Сұлтан қаласында, екінші жағдайда Қарағанды қаласында жүргізіп келеді.

Негізгі қорытынды. Кейінгі бірнеше онжылдықта қазақстандық отбасылардың өмірлік циклінде белгілі бір өзгерістер болды. Оның ішінде: отбасының өмірлік циклінің кезеңдері мен дағдарыстық кезеңдерінің «қысқаруы»; отбасын сақтау мәселесіне деген көзқарасты өзгеруі; отбасы бұрынғыдай маңызды «жоба» емес; болашақ жұбайын таңдау кезеңінде материалдық және мәртебелік құндылықтар басымдыққа ие; қоғамның құндылықтар мен отбасылық көзқарастарға байланысты жіктелуі; экономикалық жағдайға байланысты отбасылардың жіктелуі; азамат-

тық неке немесе некені ресми тіркеусіз бірге тұру жағдайлары артып келеді; танымал психологияның әсері артты; жас отбасылардың ата-анасынан бөліну деңгейінің өзгеруі.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОТБАСЫЛАРДАҒЫ НЕГІЗГІ ДАҒДАРЫСТАР МЕН ДАҒДАРЫСТЫҚ КЕЗЕҢДЕР

Зерттеу аясында сарапшыларға қазақстандық отбасылар бастан кешетін негізгі дағдарыстар мен дағдарыстық кезеңдер туралы сұрақ қойылды. Сұхбатты талдау, қазақстандық отбасылардың өмірлік цикліндегі әртүрлі дағдарыстар мен дағдарыс кезеңдерін анықтайтын, сарапшылардың жалпы 49 пікірін ажыратуға мүмкіндік берді. Сараптамалық мәлімдемелерді топтастыру нәтижелері бойынша жиырмадан астам негізгі дағдарыстар (дағдарыс кезеңдері) анықталды. *(9-кестені қараңыз).*

9-кестеде келтірілген дағдарыс жағдайларының басым көпшілігі отбасының өмірлік циклі кезеңдеріне арналған бірінші тарауда егжей-тегжейлі қарастырылған. Психолог-сарапшылар әртүрлі дағдарыстар/дағдарыс кезеңдеріне сүйене отырып, отбасының өмірлік циклінің моделін құрып көрді. Сондықтан кезеңдердің психологиялық мазмұнын сипаттау дағдарыстардың мазмұнымен өте тығыз байланысты.

9-кесте. Қазақстандық отбасылардағы негізгі дағдарыстар мен дағдарыстық кезеңдер* (сарапшыларға жүргізілген сұхбат негізінде)

№	Дағдарыстар мен дағдарыс кезеңдері	Дағдарысқа сәйкес келетін отбасының өмірлік циклінің кезеңі
1	Елдегі әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар мен проблемалар	Отбасының өмірлік циклінің кез-келген кезеңінде болуы мүмкін
2	Бірге тұра бастау	Неке қию
3	Бала туу (әсіресе, бірінші баланың туылуы)	Бірінші баланың туылуы
4	Отбасындағы қаржылық дағдарыс	Отбасының өмірлік циклінің кез-келген кезеңінде болуы мүмкін
5	Баланың өтпелі жасы	Орта жастағы отбасы
6	Бос ұя кезеңі	Кемел отбасы
7	Өз баспанасының болмауы	Отбасының өмірлік циклінің кез-келген кезеңінде болуы мүмкін (бірақ көбінесе – Неке қию Бірінші баланың туылуы Орта жастағы отбасы)
8	Балаларға байланысты дағдарыс	Бірінші баланың туылуы Орта жастағы отбасы
9	Орта жастағы дағдарыс	Орта жастағы отбасы Кемел отбасы
10	Орташа отбасылық дағдарыс	Орта жастағы отбасы
11	Ерекше қажеттіліктері бар баланың туылуы	Бірінші баланың туылуы Орта жастағы отбасы
12	Бала балабақшаға барады (ананың жұмысқа шығуымен байланысты)	Бірінші баланың туылуы Орта жастағы отбасы
13	Баланың дамуындағы ауытқуларды анықтау	Бірінші баланың туылуы Орта жастағы отбасы

№	Дағдарыстар мен дағдарыс кезеңдері	Дағдарысқа сәйкес келетін отбасының өмірлік циклінің кезеңі
14	Бірінші баланың мектепке баруы	Орта жастағы отбасы
15	Баланың мектепке бара бастауы	Орта жастағы отбасы
16	Ипотека	Отбасының өмірлік циклінің кез-келген кезеңінде болуы мүмкін
17	Несиелер	Отбасының өмірлік циклінің кез-келген кезеңінде болуы мүмкін
18	Зейнетке шығу, кәрілік, ауру-сырқау	Кемел отбасы Қартайған отбасы
19	Отбасы мүшелерінің қайтыс болуы, мүгедектігі	Отбасының өмірлік циклінің кез-келген кезеңінде болуы мүмкін
20	Баланың студент болуы	Кемел отбасы
21	Өзінің қабілеті іске асыру бойынша дағдарыс (орта жастағы дағдарыстан бұрын пайда болуы мүмкін)	Орташа отбасылық кезең

* Кестеде дағдарыстар мен дағдарыс кезеңдері айтылу жиілігіне байланысты реттеледі: айтылу жиілігі неғұрлым жоғары болса, рейтингтегі позиция соғұрлым жоғары

Шартты түрде барлық дағдарыстарды екі топқа бөлуге болады. Бірінші топ – сырттан болатын дағдарыс. Екінші топ – іштен туындаған дағдарыс.

Дағдарыстардың бірінші тобы **«елдегі әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар мен проблемалар»** санатынан тұрады. Дағдарыстардың жалпы тізімінде сыртқы дағдарыстар жиырма екі санаттың біреуін ғана құраса да, мұнда айтылу жиілігі ең жоғары. Іс жүзінде барлық сарапшылар елдегі әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар мен проблемалардың отбасының өмірлік цикліне, атап айтқанда ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасқа әсер етеді деп санайды. Дағдарыстың бұл түрімен отбасы өмірлік циклдің кез-келген кезеңінде тап болуы мүмкін.

Екінші топқа жиырма түрлі дағдарыс кіреді. Олардың кейбіреулері отбасының өмірлік циклінің белгілі бір кезеңдеріне байланысты. Дағдарыстардың ең көп саны бірінші баланың туылуы және орташа отбасы, яғни әлеуметтендіруші ата-аналық кезеңге келеді.

Сұхбатты түсіндіру қазақстандық отбасыларға жиі әсер ететін, бұл ретте отбасылық өзара қарым-қатынастардың нашарлау тәуекелдері тұрғысынан неғұрлым алаңдатарлық, ал кейбір жағдайларда экстремалды болып табылатын дағдарыстың ондаған түрлерін ажыратуға мүмкіндік берді. Оның ішінде:

- елдегі әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар мен проблемалар;
- бірге тұра бастау;
- баланың туылуы (әсіресе бірінші баланың туылуы);
- отбасындағы қаржылық дағдарыс;
- баланың өтпелі жасы;
- бос ұя кезеңі;
- өз үйінің болмауы;
- балалар дағдарысы;
- орта жастағы дағдарыс;
- орта отбасылық дағдарыс.

Некеде бірге өмір сүре бастау – сарапшылар назарын аударған дағдарыстардың бірі екенін айта кеткен жөн. Бұл дағдарыс некеге тұрғаннан кейін пайда болады.

Одан кейін сарапшылар жиі айтатын дағдарыс пайда болады және бұл **баланың туылуымен** байланысты. Қазақстандық отбасыларға қатысты айта кету керек, бала туылғаннан кейінгі дағдарыс бірге өмір тұра бастау дағдарысы үстінен туындайды, нәтижесінде отбасындағы ұрыс-керіс пен проблемалар деңгейі күрт артып, дағдарыстан шығу ұзаққа созылуы мүмкін. Осы кезеңде жас отбасы ерекше осал.

Қаржылық дағдарыс отбасындағы «ауыр салмақты» проблемалар қатарында. Бұл отбасы өмірінің кез келген кезеңінде пайда болуы мүмкін. Сұхбатты талдауға сүйенетін болсақ, толық отбасыларда ол көбінесе балалардың туылуымен, дәлірек айтсақ, бала өмірінің алғашқы бес жылымен байланысты. Қаржылық дағдарысты анықтайтын факторлар: ерлі-зайыптылардың біреуі ғана жұмыс істейді; балаға жәрдемақы аз және тек бір жылға дейін төленеді; балабақшадағы бейімделу кезеңі, онымен қоса балалардың науқастануына байланысты жұмыстан жиі және ұзақ уақыт қалу, балаға елеулі қаржылық шығындар және т.б.

Қазақстандық отбасылардағы қаржылық дағдарыстар көбінесе **өз үйінің болмауымен** байланысты. Алайда, бұл проблема дағдарыстар ондығына жас отбасына ауыр экономикалық жүктеме себебінен ғана емес, сонымен бірге туыстарының араласуына және ата-аналарынан кеш бөлініп шығуына байланысты кірді.

Сондай-ақ, қазақстандық отбасылар үшін **балалардың өтпелі жасы және босаған ұя дағдарысы** сияқты проблемалар қиындық тудырады. Бірінші жағдайда, ата-аналар көбінесе баласының бойындағы өзгерістерге дайын емес, түсінбеушілік ата-ана мен бала арасында ғана емес, ерлі-зайыптылар арасында да жиі ұрыс-керіске себеп болады. Екінші жағдайда, балалардың бөлек шығуы ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасты қайта бағалауға, жалғыздық сезіміне, бос уақыттың көбеюіне және нәтижесінде ересек балалардың жеке өміріне белсенді араласуға әкелуі мүмкін.

Жалпы тізімдегі дағдарыстардың жартысына жуығы балалармен тікелей байланысты: **бірінші баланың туылуы; баланың туылуы; балалар дағдарысы** (3 жыл, 5 жыл дағдарысы және т.б.); **баланың балабақшаға баруы; бірінші баланың мектепке баруы; баланың мектепке бара бастауы; баланың өтпелі жасы; ерекше қажеттіліктері бар баланың туылуы; баланың дамуында ауытқулар анықтау; баланың студент болуы.**

Ерекше қажеттіліктері бар баланың туылуымен байланысты дағдарыс баса назар аударуға тұрарлық жағдай. Сарапшылардың бағалауы бойынша, көптеген қазақстандық отбасылар мұндай дағдарысты өткеруге шамасы келмей, ажырасып жатады. Мұндай отбасылар өмірлік циклін толық емес немесе кеңейтілген отбасы ретінде жалғастырады – ерекше қажеттіліктері бар бала үшін барлық жауапкершілік анасына немесе анасына және оның ата-анасына (баланың әжесі, атасы) жүктеледі. Шындығында, ерекше қажеттіліктері бар баланы күту бойынша жүктеме ажыраспай тұрып анасының мойнында болады. Сарапшылар ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалтудың жүйелі, кешенді тәсілі жоқ екенін айтады.

– Ерекше қажеттіліктері бар баланың дүниеге келуі – бұл дағдарыс, бұл мәселе бойынша жүйеде ешбір жұмыс жүргізілмейді. Әйелдер бұл проблемалармен жалғыз өздері қалады. Әдетте, мұндай отбасылар ажырасып кетеді. Өйткені бұл жерде жәрбемақы ғана емес, жүйе де маңызды. Мен бұл әйелдердің өміріне қарасам, олар бір марафоншы болу керек сияқты, <...>, олар бірден дефектолог, массажист, логопед, педиатр, медбике және әлеуметтік қызметкер болу керек сияқты, – бұл енді мүмкін емес қой. (1-психолог, Нұр-Сұлтан)

Айта кету керек, дағдарыстар/дағдарыс кезеңдері бірінің үстінен бірі келіп мультипликативті әсер тудыруы мүмкін.

Отбасындағы дағдарыс және дағдарыс кезеңдері жайлы сұрақ сарапшыларға жүргізілген сұхбатқа ғана емес, информант ерлі-зайыптыларға жүргізілген сұхбатқа да қосылған болатын. Соңғылары көбінесе психологтар тарапынан түрлі отбасылық дағдарыс деп белгілейтін жағдайға тап болғанын мойындай бермейді. Отбасындағы дағдарыстар туралы тікелей сұраққа информанттардың үштен бір бөлігі теріс жауап береді (көбінесе ер адамдар, сондай-ақ некеде 9 жылдан астам уақыт тұрып жатқан информанттар). Сонымен қатар, толық сұхбатты талдау көп жағдайда отбасы тарихында белгілі бір дағдарыстардың бар екенін анықтайды.

Айтылу жиілігі бойынша абсолютті көшбасшы – **қаржылық дағдарыстар**. Алуан түрлі кейстер бар: борышқорлық шұңқыр; жұмыстан қысқарту; басқа қалаға көшкеннен кейінгі қаржылық проблемалар; несиелер мен төлемдер күн көрудің мәжбүрлі стратегиясы ретінде; отбасылық бюджеттің көп бөлігі жұмсалатын баспана жалдау ақысы және ең болмаса ипотекаға үй алу мүмкіндігінің болмауы. Қаржы тапшылығына байланысты кейстер Өскемен және Павлодар қалаларында тұратын информанттар арасында айтарлықтай жиі және айқын көрінеді.



8-КЕЙС

– Күнкөріс көзі жоқ. Ол жалғыз өзі жұмыс істейді, мен декретте отырмын, ендігіде жәрдемақы төленбейді. Балаға не кигізіп, мектепке қалай беретінімді білмеймін. Азық-түлік күнде қымбаттап жатыр. Пәтер жалдап тұрамыз, коммуналдық қызметтер жағы тағы бар. Несиеміз бар. Өткенде киімнің өзін бөліп төлеуге алуға мәжбүр болдық. Үйге жинауға артылмайды. Тұрғын үй құрылыс банкінде шот аштым, айына ең болмаса 10 000 теңгеден салсам деп едім, болмай тұр. Аз да болса жәрдемақы алушы едім, қазір ол да жоқ. Бала өсіп келеді, памперс керек, оны тек түнде және көшеге шығарда кигіземін. Бір қаптамасы 7000 теңге, міне керек болса! Мен емізулі баланы тастап қалай жұмысқа шықпақпын? Оны қалдыратын жерім де жоқ: анам қайтыс болған, оның ата-анасы қартайған, ауылдық жерде тұрады. Оларға қалай баланы іліп қоясың? Үлкен балаға да тастап кете алмайсың, жасы тоғызда болғанымен, оның өзі әлі бала. Ал маған жұмысқа шығу керек, қалай шығам? Өз үйіміз жоқ болса да, мемлекеттен ешқандай көмек жоқ. Күйеуім байқұсты бір жағынан түсінемін, ол да оңып жүрген жоқ. Енде не істесем болады? (Мадина, некеде 12 жыл, 2 бала, Павлодар)

Бірқатар информант отбасында баланың дүниеге келуін дағдарыс кезеңі ретінде келтіреді. Мұндай жағдайларды отбасындағы дағдарыстар туралы тікелей сұрақпен байланыстырмай-ақ анықтауға болады: осы кезеңде отбасындағы ұрыс-керіс деңгейі мен жиілігі күрт өсіп, қарама-қайшылықтар ерлі-зайыптылардың үзілді-кесілді талаптарына дейін күшейе түсетін болған. Жағдай көбінесе қаржылық дағдарыстың қабаттасуымен ауырлайды. Көптеген жағдайларда қаржылық дағдарыс баланың туылуына байланысты болған, бұл ретте отбасында бала саны аз, балалар арасындағы жас айырмашылығы үлкен, сондай-ақ отағасының жоғары білімі мен жұмысы болуына қарамастан туындайтын болған.



9-КЕЙС

– Бала туылған соң бәрі өзгере бастады, бала туылғанға дейін – жеңіл болған. Осылай көзқарасымыз өзгере бастады. Мен бұрын ойлайтынмын, балаға әйелі мен күйеуі бірдей қарау керек деп. Байқасам, күйеуім түнде оянып, көмектескісі жоқ. Ол өзін ғана ойлайтын, үй таза, тамақ болса болды. Бала мазасыз болған соң, маған осының бәрі қиын болды. Бала тыныш болса, солай жүре беретін де шығармыз, бірақ мен қолымнан келмейтінін, ал күйеуім көмектескісі келмейтінін түсіндім. Осы жерде басталды дейсің... Күйеуім өзгере бастағанда, осының бәрі дұрыстала бастады. Өйткені ол да, мен сияқты некені ойлайтын. Өзінің бала кезден қалыптасқан пікірін өзгертіп, өзі де өзгере бастады. Айтып өткенімдей, мен үзілді-кесілді талап қойдым, ол менің айтқанымға көне бастады. (Айгүл, некеде 9 жыл, 1 бала, Өскемен)

Көптеген отбасылардағы дағдарыстар **ата-аналардың жас отбасы өміріне белсенді кірісуімен және олардың тараптан болатын қысымға** байланысты туындайды. Кейстер алуан түрлі: ата-анасымен бірге тұру; қайын ене мен келін шайқасы; бір ас үйдегі екі әйел; ерлі-зайыптылардың ата-аналары арасындағы ұрыс-керістер.

– Дағдарыс – енеммен тіл табыса алмағанымнан басталды. Бәрі енем үшін. Бір күні күйеуім анасына қоңырау шалып, маған ұрысқанын тоқтатуды сұрады. Сол кезде енем ашуланып, менің сөзімді сөйлегені үшін қаһарына мінді, содан бері екеуі сөйлеспейтін болды. (Әйгерім, некеде 5 жыл, 2 бала, Ақтөбе)

– Біз ажырасқалы жүргенбіз. Менің ата-анам мен әйелімнің ата-анасының араздығы үшін деуге болады. Олар бір бірінің айтқанына көнгісі келмеді. Әйеліме не мені, не оларды таңда деген талап қойды. Әйтпесе әйелім екеуіміздің арамызда сондай бір ұрыс-керіс болған емес. Ата-анамыз солай шешті. Не ол, не мен қарсы келе алмаған соң, ажырасуға бел будық. 2-3 жылдай бөлек тұрдық. (Мирас, некеде 10 жыл, 2 бала, Өскемен)

Ортақ баларының болмауы, осыған тап болған отбасылар үшін нағыз дағдарыс болды.

– Иә, әрине, болды. Ондай дағдарыс кезеңдерін барлық отбасылар өтеді. Мен бала көтере алмадым, осыны қабылдау өте қиын болды. Кейін мойынсұндық. Біздің отбасымыз үшін ауыр кез еді. Күйеуім басқа әйел алып, балалы болуы үшін ажырасқым да келген. Бала деген мен үшін ауыр тақырып. Бұл туралы айтқым келмейді. (Айжан, некеде 13 жыл, балалары жоқ, Өскемен)

Бірнеше жағдайда **бірге өмір сүре бастаған кездегі дағдарыс** туралы айтылады. Мысалы, сауалнамаға қатысқан отбасылардың бірі шамамен бір жарым жыл бұрын үйленген, әлі балалары жоқ. Күйеу жігіт отбасындағы қандай да бір дағдарысты жоққа шығарғанымен, сұхбат басқаша көрініс береді. Ерлі-зайыптылар бірге өмір

сүре бастау кезіндегі дағдарысты бастан кешуде, қарым-қатынас пен өмір туралы әртүрлі көзқарастардың айқын қайшылығы бар. Күйеуі өз отбасындағы бүкіл тәртіпке әйелін көндіргісі келетіні байқалады.

– *Бастысы – оның мінезі. Ол тұрмысқа шыққанға дейін басқа отбасында тұрды, құндылықтары басқа болды. Ата-анасымен тұрды, енді – басқа отбасында, басқа тәртібі бар үйде тұрады. Түсінемін, жаңа отбасына сіңіп кету оңай емес.* (Жандәулет, некеде 1,5 жыл, балалары жоқ, Ақтөбе)

Сондай-ақ, информанттар жақын туыстарының науқастануы мен қайтыс болуы, ерлі-зайыптылардың бірінің маскүнемдігі, опасыздық, сезімдердің суынуы, баланың балабақшаға және мектепке баруына байланысты дағдарыстар туралы айтты.

Негізгі қорытынды. Отбасының өмір тарихы бойында ерлі-зайыптылар әртүрлі дағдарыстар мен дағдарыс кезеңдерін өткереді. Сарапшылардың пікірінше, қаржылық дағдарыстар, бірге өмір сүрудің басталуы, баланың туылуы (әсіресе бірінші баланың туылуы), баланың өтпелі жасы, босаған ұя кезеңі, жеке тұрғын үйдің болмауы, балалар дағдарысы, орта жастағы дағдарыс және орта отбасылық дағдарыс сияқты жағдайлар отбасыларға айтарлықтай әсер етеді. Осы кезеңдерде отбасылар әсіресе осал болады.


ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ ҰРЫС-КЕРІС ЖАҒДАЙЫНДА ӨЗДЕРІН ҰСТАУ МОДЕЛІ

Ұрыс-керістің жиілігі

Талдау көрсеткендей, информанттардың көпшілігі отбасындағы ұрыс-керіс жиілігін «сирек» және «өте сирек немесе ешқашан» нұсқалары арқылы бағалайды. Жартысы, яғни отбасылардың 50% бөлігінде ұрыс-керіс сирек орын алады, ал шамамен 1/3 бөлігінде ұрыс-керіс өте сирек немесе ешқашан болмайды.

Отбасылардың 14% бөлігінде ұрыс-керіс жиі орын алатын жағдай (1-диаграмма).

1-диаграмма «Жұбайыңыз екеуіңіздің араңызда ұрыс-керіс қаншалықты жиі болып тұрады?» деген сұраққа информанттар берген жауаптарды бөлу, %



Татуласу мен жаңа қақтығыс арасында орта есеппен қанша уақыт өтеді? Қақтығыс жағдайына жиі ұшырайтын ерлі-зайыптыларда бірнеше күнде кемінде 1 рет ұрыс-керіс болып тұрады. Елеулі қақтығыстар сирек кездесетін жұптарда ұрыс-керіс айына 1 рет немесе 3-4 айда 1 рет болады. Елеулі қақтығыстар өте сирек кездесетін отбасылар татуласу мен жаңа ұрыс-керіс арасындағы кезеңді әрқалай анықтайды, бірақ орташа есеппен ол бірнеше айдан алты айға дейінгі уақыт.

Отбасылардың басым көпшілігінде ұрыс-керіс жиілігі әр кезде әрқалай. Бірнеше негізгі сценарийлер бар:

- Некеге тұрған сәттен бастап ұрыс-керіс жиілігінің өсуі (ең көп таралған сценарийлердің бірі).

– Уақыт өте өзгеріп отырды. Бастапқы кезде мүлдем ұрыспайтынбыз. Бізде кәмпит-букет кезеңі болды. (Анна, некеде 3 жыл, балалары жоқ, Павлодар)

- Ұрыс-керіс жиілігі төмендеуі, бұл ретте ұрыс-керіс жағдайлары алғашқы жылдары көп болған (ең көп таралған сценарийлердің бірі).

– Ұрыс-керіс жиілігі, әрине, өзгереді. Бірге тұра бастаған кезде жиі болды. Себебі, тұрмысқа шыққан кезде жаңадан танып, өз жұбыңды зерттеп бастағандай боласың. Үйлеспейтін жағдайлар да болды. Осындай кезде ұрыс-керіс болады, әрине. (Наргиз, некеде 18 жыл, 4 бала, Шымкент)

– Өзгеріп тұратын. Бұрын жиі болса, кейіннен сирек бола бастады, өйткені бір біріміздің мінезімізге үйреністік, ымыраға келуді үйрендік. (Айгүл, некеде 8 жыл, 2 бала, Нұр-Сұлтан)

- Ұрыс-керіс жиілігі отбасында проблемалар мен дағдарыстар туындаған кезде өзгереді, біресе азайып, біресе көбейіп кетеді.

– Барлық кезде бірдей емес. Дүниеге бала келген соң жауапкершілік те, жұмыста, шығындар да көбейді. Қаржылық жағы бар. Сондықтан бала туылғанға дейін жеңіл болды, (ұрыс-керіс болған жоқ дерлік). <...>. Қазір, бала өскен сайын, <...> ұрыс-керіс те азайған сияқты. (Эдуард, некеде 3 жыл, 1 бала, Павлодар)

– Әрине, жаңадан үй болған кезде ұрыс-керіс сирек болатын. Махаббат қызып тұрған кез. Кейіннен басталды <...>. Қазір үйде ұрыс-керіс жоқ деуге де болады, біз одан шаршадық. (Айжан, некеде 13 жыл, балалары жоқ, Өскемен)

- Ұрыс-керіс жиілігі өмір бойы өзгеріссіз қалады.

– Қалай болды, солай қалды. Басында да болды, бала туылғанда да болды, қазір де ұрыс-керіс бар. (Айгүл, некеде 9 жыл, 1 бала, Өскемен)


Ұрыс-керістің себептері

Отбасындағы ұрыс-керіс себептеріне үңілетін болсақ, информанттардың көпшілігі оларды «жеңіл» (36%) және «өте жеңіл: татуласқаннан кейін ұрыс-керіс туралы бірден ұмытып кетеміз» (32%) деп бағалайды.

Отбасында ауыр ұрыс-керістерге шамамен 14% информант кезігеді.

Шамамен 18% информант біржақты бағалай алған жоқ. Олардың пікірінше, отбасыларда ауыр да, жеңіл де ұрыс-керіс жағдайлары болып тұрады. (2-диаграмманы қараңыз).

2-диаграмма. «Жұбайың екеуіңіздің араңыздағы ұрыс-керіс тереңдігін қалай бағалайсыз?» деген сұраққа информанттар берген жауаптарды бөлу, %



Ұрыс-керіс тереңдігіне қатысты көзқарас ерлі-зайыптылар арасында ерекшеленуі мүмкін – бірдей ұрыс-керіс жағдайын әйелі мен күйеуі екі түрлі қабылдауы мүмкін.

– Жеңіл – менде шамамен 5 сағат. Ол апталап жүруі мүмкін. Ол апта бойы ренжіп жүруі мүмкін, кейде тіпті айлап өкпелейді. Ол анасымен ұрсып қалса, 2 жылға дейін сөйлеспей кетуі мүмкін. Қайта мен енеме барып, қалын біліп жүремін. (Кайрат, некеде 15 жыл, 2 бала, Шымкент)

Сонымен қатар, көп нәрсе ұрыс-керіс себебі мен салдарына байланысты келеді. Мысал ретінде информанттар түрлі қаржылық проблемаларды келтіреді – ондай ұрыс-керіс отбасында ауыр өтеді. Тағы бір мысал – ата-анасымен, көбінесе жұбайының ата-анасымен болатын ұрыс-керіс жағдайлары.

– Ауыр ұрыс-керістер туыстар үшін болды. Мысалы, оның анасы мені ренжітті. Бірнеше рет. (Мадина, некеде 12 жыл, 2 бала, Павлодар)

– Қаржы, ақша жетіспеушілігі үшін жиі болып тұратын, жағдай өте ауыр еді. Біріншіден, несиелеріміз болды, үй ипотекада, бірдеңелер алу керек болады. Осындай ауыр ұрыс-керістер арқасында бәрінің басын ашып алдық. (Әлібек, некеде 6 жыл, 1 бала, Павлодар)

Отбасылық өмірдегі ұрыс-керіс ауырлығы өзгеруі туралы айтсақ, информанттардың көпшілігі екі негізгі сценарийге сүйенеді.

- Жыл өте ұрыс-керіс жеңіл қабылданатын болады.

– Жаңадан үй бола бастаған кезде, ұрыс-керіс жағдайлары ауыр болған десем болады. Ал қазір біз бірге тұрып үйрендік. <...> бастапқы жылдарға қарағанда, жеңіл көрінеді. Арамызда балалар, үй, ортақ тұрмыс, итке дейін ортақ болған соң шығар. (Наргиз, некеде 48 жыл, 4 бала, Шымкент)

- Ұрыс-керіс ауырлығы отбасылық жылдарды айтарлықтай өзгерген жоқ.

– Жоқ, шынымды айтсам, басында солай болған, мен барлық ұрыс-керісті білемін. Қаншама жыл өтсе де, әлі де сол деңгейдегі ұрыс-керістер бізде. (Наталья, некеде 9 жыл, 1 ортақ бала, Өскемен)

Ұрыс-керіс ұзақтығы

Информанттардың жауаптарына қарасақ, көптеген отбасыларда ұрыс-керіс ұзаққа созылмайды (75%).

Отбасылардың 11% бөлігіне ұзақ уақыт ұрысу жағдайлары тән.

14% жағдайда информанттар ұрыс-керіс жағдайлары әртүрлі өтетінін айтады: қысқасы да болады, ұзаққа созылатын ұрыс-керіс жағдайлары да жоқ емес. Ұрыстың неден туындағанына байланысты (3-диаграмма).

3-диаграмма. «Жұбайыңыз екеуіңіздің араңыздағы ұрыс-керіс қаншалықты ұзақ созылады?» деген сұраққа информанттар берген жауаптарды бөлу, %




Ұрыс-керісті бастау

Информанттардың жауаптары бойынша отбасылардың шамамен жартысында (46%) ұрыс-керіске әйелі мен күйеуі бірдей бастамашылық етеді.

29% информант ұрыс-керістің негізгі бастамашысы ретінде әйелін атаса, 25% информант күйеуін осындай деп атады (4-диаграмма).

4-диаграмма. «Әдетте, отбасындағы ұрыс-керісті бастайтын кім?» деген сұраққа информанттар берген жауаптарды бөлу, %



Отбасындағы ұрыс-керісті қызба мінезді, сабырсыз адам бастайды.

– Ол сондай адам, түймедейді түйедей етеді, содан өзі жынданып, балағаттап бастайды. (Айгүл, 1 бала, некеде 9 жыл, Өскемен)

– Көбінесе мен шығармын. Мен көбінесе түсіне алмай жатам. Қызбалыққа салынамын. (Азат, некеде 18 жыл, 2 бала, Нұр-Сұлтан).


Татуласуды бастау

Ұрыс-керіс жағдайынан кейін татуласуды көбінесе ерлер бастайды екен, информанттар 50% жағдайда осылай деді.

Іріктеменің 14% бөлігінде жұбайлар арасында татуласуды әйелдер бастайтын болып шықты.

36% информанттың айтуынша, отбасында татуласу туралы ниет жұбайлардың екеуінде де болады (5-диаграмма).

5-диаграмма. «Әдетте, ұрыс-керістен кейін татуласуды кім бірінші бастайды?» деген сұраққа информанттар берген жауаптарды бөлу, %



Жұбайларды татуласуға алғашқы қадам жасауға не итермелейді?

• «Мен еркекпін ғой». Бірқатар информант ерлердің пікірінше, сүйікті адамымен татуласуға қадам жасау ер азаматтың міндеті болып табылады.

- Өзіңнің қателескеніңді мойындау.
- Жұмсақ, сабырлы.
- Қызбалық, адам өзін бақылай алмайды, тез ашуланып, тез басылады.
- Серігі кінәлі/кінәсіз болғанына қарамастан, бірінші боп татуласпайтынын түсіну.

Ерлі-зайыптылардың ұрыс-керіс жағдайындағы мінез-құлқы

Сарапшылар ұрыс-керіс жағдайындағы ерлі-зайыптылардың мінез-құлқы үлгілері туралы сұраққа әлеуметтік психологиядан ұрыс-керіс кезіндегі мінез-құлық түрлерінің классикалық бөлінуін мысалға келтіреді.

Америкалық психолог және әлеуметтанушы К. Томас ұрыс-керіс жағдайындағы мінез-құлықтың бес негізгі түрін анықтады.

1) Бәсекелестік (сарапшылар бұл стильді авторитаризм деп те атайды) – басқаның мүддесіне зиян келтіру арқылы өз мүддесін қанағаттандыруға ұмтылу. Бұл жағдайда басқа адамның позициясы ескерілмейді. Осындай мінез-құлық стилін ұстанушы басқалардың ұрыс-керісті болдырмауын немесе реттегенін қалайды.

Ұзақ мерзімді қарым-қатынастарда бұл мінез-құлық стилі іске аспайды, тек бәсекелестік элементтері ғана қалуы мүмкін, бірақ ол адал және алдын-ала белгіленген ережелерге сәйкес жүзеге асырылған жағдайда ғана мүмкін болады.

2) Бейімделу – бұл ұрыс-керіске қатысушы өзінің мүдделерінен бас тартуға және қарама-қайшылықты болдырмау үшін басқа адамға көнуге дайын мінез-құлық тәсілі. Егер ұрыс-керіс маңызды болмаса, онда бұл опция қолайлы мінез-құлық нұсқасы болып табылады. Ал егер ұрыс-керіс маңызды мәселелерге қатысты болса, онда көнуші тараптың теріс эмоцияларын тудырып (ашулану, реніш, көңілсіздік және т.б.), болашақта қатысушылар арасындағы сенім, құрмет пен өзара түсіністік жоғалуы мүмкін.

3) Қашқақтау – қатысушы келеңсіз мәселелерді болдырмауға және күрделі шешім қабылдауды «кейінге қалдыруға» тырысады. Осылайша, осы мінез-құлық стилін ұстанушы өз мүдделерін қорғамайды, сонымен қатар қақтығыстың басқа қатысушыларының мүдделерін ескермейді.

Мұндай мінез-құлық стратегиясына аздаған қайшылықтар болған жағдайда ғана жол беруге болады. Егер біз күрделі мәселелер туралы, әсіресе ұзақ мерзімді қарым-қатынастар туралы айтатын болсақ, онда қанағаттанбау мен шиеленістің жинақталуына әкелетін қиындықтардан қашқақтаудың орнына, даулы мәселелерді ашық талқылау керек.

4) Ымыраға келу – бұл жанжалдасушы тараптардың мүдделерін ішінара қанағаттандыру. Ымыраға келу, мұнда ұрыс-керіске қатысушылардың барлығының мүдделері ескерілгеніне қарамастан, көп жағдайда екі жақ та толық қанағаттанатын шешім іздеуден бұрын жанжалды шешудің аралық кезеңі ретінде қарастырылуы мүмкін.

5) Ынтымақтастық – бұл ұрыс-керісті барлық адамдар жеңіске жететін етіп шешуге деген ұмтылыс. Ол басқа қатысушының позициясын ескеріп қана қоймай, екінші тараптың да қанағаттануына қол жеткізуге тырысады.

Бұл ұзақ мерзімді қарым-қатынастардағы ең оңтайлы және сындарлы мінез-құлық стилі, ол басқа адамды тыңдауға, оның көзқарасын түсінуге, оның мүдделерін ескеруге және даулы жағдайда барлық тараптарды қанағаттандыратын шешім табуға деген ұмтылысымен ерекшеленеді. Осының арқасында қарым-қатынастар берік әрі тұрақты бола түседі.

Ерлі-зайыптыларда бірдей мінез-құлық стилі болған жағдайда ұрыс-керіс басталады, мысалы бәсекелестік: «мен басты, жоқ – мен басты», «менің анам бәріне көнген, үндемейтін – ал менің анам бәрін өзі шешетін, әкем онымен санасатын». Ұрыс-керістен қашқақтайтын адамдармен келісу өте қиын, бұл жерде шаруа толық шешімін таппайды.

Сондай-ақ, сарапшылар некеден кейін отбасының өмір сүруінің үш негізгі формасын анықтауға болатынын айтады.

1) Ерлі-зайыптылар келіскен жағдайда отбасының жалпы моделін қалыптастыру, дәстүрлер мен құндылықтарды бірге орнату және отбасымен тату-тәтті өмір сүру.

2) Жанжалдаспау туралы пакт, ерлі-зайыптылар бірге тұрады, олар ұрыс-керіс болса да, ажыраспайды, өйткені балалары бар, кететін жер жоқ, мүлікті бөлісе алмайды және т.б.

3) Отбасының тарауы, яғни ерлі-зайыптылардың ажырасуы.

Информанттар отбасында ұрыс-керіс жағдайындағы жоғары аталған мінез-құлық стильдерінің бесеуі де кездеседі. Арасындағы ең көп таралғаны – қашқақтау, ең сирегі – өзара ынтымақтасу.

Ерлі-зайыптылардың бірі айтқан әңгімесінің арқасында біз өмірі туралы білетін әрбір жеке отбасы – ерекше кейс, олардың басым көпшілігін бір нәрсе біріктіреді, ол – үндемей қалу. Адамдар, жылдар бойы некеде тұрса да, қақтығыстарды конструктивті түрде шеше алмайды, өз проблемалары туралы сөйлесуді білмейді, өз сезімдері ту-

ралы ашып айта алмайды, көбінесе жұбын естіп-тыңдауға құлықсыз. Ерлі-зайыптылар арасындағы өзара қарым-қатынастардағы проблемаларды ашық және міндетті түрде талқылау мәдениеті жоқ. Қақтығыстардың көпшілігінде, соның ішінде өте ауырларының өзінде үндемей қоя салу бар. Ең көп таралған сценарий – ұрыс-керістен кейін түк болмағандай жүру және отбасында бұрынғы өмірді жалғастыра беру.

– Бізде мәселелерді сөйлесіп отырып шешу деген болып көрмеген. Отбасында кез келген түсінбеушілік, қақтығыс болса, сөйлесіп, ымыраға келуге болатын сияқты. Адамдар сөйлесіп те шеше алады ғой. Ал есікті тарс жауып, жылау деген сияқты әрекеттермен ештеңе шеше алмайсың. Одан кейін бәрібір көңіліңде қалып қояды. Күндердің күнінде бәрібір айқай басталады. (Жасұлан, некеде 12 жыл, 2 бала, Ақтөбе)

Мұны информанттарға жүргізілген сұхбатты талдау нәтижелері ғана емес, ұрыс-керіс жағдайындағы ерлі-зайыптылармен тікелей жұмыс істейтін психологтар мен медиаторлардың пікірін талдау нәтижелері де көрсетіп отыр.

– Бір мақсатпен келеді, бірақ қарым-қатынасы бұзылғаны, сөйлесу, бір-бірін қабылдау мәдениеті бұзылғаны анықталып жатады. Яғни, шындығында <...> шағым психологиялық сипатта емес, олар өз талаптарын ашық айта алмайды, міне, осындай мәселелермен бізге адамдар жиі жүгінеді. (6-психолог, Нұр-Сұлтан)

Информанттармен сұхбат кезінде ғана емес, сарапшылармен сұхбат кезінде де назар аудартатын, **ұрыс-керіс кезіндегі мінез-құлықтың тағы бір маңызды аспектісі** – ерлі-зайыптылар арасындағы сөйлеу мәдениеті және қарым-қатынас нормалары. Жанжалды қарым-қатынастың айқын көріністерінің бірі – **балағаттау, қорлау және қатынасты анықтауды агрессивті тәсілі**. Психологтардың айтуынша, іс жүзінде осындай жағдайлар көбейіп келеді. Оның үстіне бұл **проблема «жасарып келеді»**, яғни ерлі-зайыптылар жас және отбасылық өмір жылдары аз болған сайын, аталған жағдайлар саны соғұрлым көбейіп келеді.

– Ерлі-зайыптылардың бір бірімен әңгімесін естісең – сұмдық! Бұлар өзара қарым-қатынастар мәдениетінен мақрұм қалған адамдар сияқты. Жоқ бұл (балағаттау) сәлемдесу сияқты, олар тіпті осы кабинетте отырып, бір бірін түсінбейді. <...> Соңғы кезде жаңа үрдіс пайда болды, жастар тек балағат айтатын болған. Олардың арасында ешбір мәселе болмаса да, солай сөйлеп үйренген. Бұл жағдай қалыпты болып келеді. (1-психолог, Нұр-Сұлтан)

Жағдайлардың шамамен жартысында, информанттар ұрыс-керіс кезінде психологиялық қысым сезінетінін немесе өздері қысым жасайтынын айтты. Бұл туралы ерлер де, әйелдер де айтып отыр.

Экономикалық зорлық-зомбылық туралы кейбір кейстерде ғана және эпизодтық сипатта айтылады – «экономикалық репрессиялар», бұл ретте ұрыс-керістен кейін жұбайлардың бірі екіншісіне біраз уақытқа ақшалай шектейтін болады.

Физикалық зорлық-зомбылық жағдайында информанттар өте абайлап сөйлейді. Әйелдер бұл туралы көбірек айтады. Бір информант еркек қана алғашқы жылдарда бірнеше рет әйелін ұрып, соңғы рет баласы түсіп қалғаны туралы ашық айтты. Сонымен бірге, сұхбатты талдау әйелдерге қатысты физикалық зорлық-зомбылық жағдайлары көбірек болады деп болжауға негіз береді.

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларымен жұмыс істейтін сарапшылар практикада психологиялық зорлық-зомбылықты көбінесе әйелдер, ал физикалық зорлық-зомбылықты ер адамдар қолданатынын атап өтті.

Отбасындағы ұрыс-керіс себептері (информанттармен сұхбат негізінде)

№	Себептері	Информанттардың негізгі мәлімдемелері
1	Қаржылық проблемалар	<i>Ақшаның жетіспеушілігі / Ақшаның жетіспеушілігі / Ақшаның жетіспеушілігі / Ақшаның жетіспеушілігі / Бұрын ақша үшін ұрыс-керіс болған / Қаржы мәселесі / Ақшаның жетіспеушілігі / Ақшаның жетіспеушілігі / Ақшаның жетіспеушілігі</i>
2	Ұсақ-түйек тұрмыстық проблемалар	<i>Ұсақ-түйек тұрмыстық проблемалар / Ұсақ-түйек тұрмыстық себептер / Ұсақ-түйек тұрмыстық себептер / Ұсақ-түйек тұрмыстық себептер / Ұсақ-түйек тұрмыстық себептер / Ұсақ-түйек тұрмыстық себептер</i>
3	Балаларды қарау және тәрбиелеу бойынша келіспеушіліктер	<i>Бала тәрбиелеу бойынша келіспеушіліктер / Бала тәрбиесіне қатысты әртүрлі көзқарастар / Бала күтімі бойынша келіспеушіліктер / Баланы күту және тәрбиелеу бойынша келіспеушіліктер / Бала тәрбиесі бойынша келіспеушіліктер / Жұбайы бала қарауға көмектеспейді / Әйелі өз шаруасымен кетіп, балаларды қалдырған кезде күйеуінің ашуы</i>
4	Үйдегі міндеттерді бөлуге қатысты келіспеушіліктер	<i>Міндеттерді бөлу / Үйдегі міндеттерді орындауға қатысты келіспеушіліктер / Міндеттерді әділетсіз бөлу (күйеуі «жатып алады», әйелі бәрін өзі «сүйрейді») / Күнделікті өмірде міндеттерді әділетсіз бөлу / Жұбайы үй жұмыстарына көмектеспейді / Әйелі үй жинап немесе тамақ әзірлеуіп үлгермеген жағдайда күйеуінің наразылығы</i>
5	Ата-аналармен бірге тұрған кездегі келіспеушіліктер	<i>Асүйде екі әйел / Ата-аналарымен бірге тұрғанда, күнделікті өмір мен бюджет бойынша келіспеушіліктер болған</i>
6	Виртуалды ойындарға деген құштарлық	<i>Күйеуі достарымен ұзақ уақыт PlayStation ойнайды (неше күнге кетуі мүмкін) / Күйеуі бірнеше тәулік бойы, қозғалмастан, PlayStation ойнауы мүмкін</i>
7	Алкоголь ішу	<i>Күйеуі кейде қатты мас боп келеді / Алкогольдік тәуелділік</i>
8	Әйелдің өз құндылықтары, көзқарастары, отбасындағы өмірге деген көзқарасы болуына наразылық	<i>Әйелі бәрін өз бетімен жасағысы келетіні ұнамайды, күйеуі мен енесі қалай қаласа, солай болуы керек / Әйелі күйеуіне қарсы келіп, өз бетінше әрекет ете бастағаны ұнамайды</i>
9	Күйеуінің онлайн ойындар ойнауы	<i>Телефонда онлайн ұтыстарға қатысады</i>
10	Күйеуінің тарапынан жеткіліксіз көңіл бөлу	<i>Әйелінің күйеуі көңіл бөлмейді деп жазғыруына байланысты</i>
11	Қызғаныш	<i>Күйеуін қызғану / Күйеуі хабарламаларға, қоңырауға жылдам жауап бермеген жағдайда әйелінің реніші</i>
12	Телефонға тәуелділік	<i>Күйеуі телефонда «отырады»</i>

№	Себептері	Информанттардың негізгі мәлімдемелері
13	Қонақ күту және қонаққа баруға қатысты келіспеушіліктер	<i>Жұбайы қонақтарға барғанды ұнатпайды және үйде жиі қонақ күткенді ұнатпайды</i>
14	Қарыздар	<i>Күйеуінің қарыздары</i>
15	Күйеуінің жұмысқа құлықсыздығы	<i>Күйеуі жұмыс істемейді</i>
16	Күйеуінің темекі шегуі	<i>Күйеуі үйде темекі шегеді</i>
17	Ата-анасымен бірге тұру	<i>Күйеуінің ата-анасымен бірге тұру</i>
18	Туыстардың кірісуі	<i>Ата-анасының кірісуі / Туыстар үшін</i>
19	Темперамент, эмоционалдылық	<i>Көңіл-күйдің өзгеруінің әсері/Әйелдің көшбасшылық позициясы агрессияның өршуіне және үйде бақыланбайтын ашулануға әкеледі / Күйеуінің ашушаң әрі сабырсыз мінез-құлқы</i>
20	Күйеуі үйге кеш оралады, үйде түнемейді, бір жерге баратыны туралы ескертпейді	<i>Күйеуі түннің бір уағына дейін достарымен жүреді/ Күйеуі кейде үйде түнемеуі мүмкін / Телефонды көтермеуі немесе үйде болмайтындығы туралы ескертпеуі мүмкін</i>
21	Бұрынғы әйелімен салыстыру	<i>Жаңадан үйленгенде бұрынғы әйелімен салыстыруға байланысты ұрыс-керістер болды</i>
22	Алдыңғы некедегі балалармен уақыт өткізу мәселелері	<i>Жаңадан үйленгенде күйеуінің бірінші некедегі балаларымен уақыт өткізуіне байланысты ұрыс-керістер болды</i>
23	Отбасылық бос уақытқа әртүрлі көзқарас	<i>Отбасылық бос уақытты өткізуге байланысты келіспеушіліктер</i>

Ерлі-зайыптылар ұрыс-керіс жағдайында кеңес пен көмек алу үшін кімге жүгінеді?

- *Достар мен құрбылар*

Егер ерлі-зайыптылар нақты адамдардың әртүрлі формадағы көмегіне жүгінген жағдайларды қарастыратын болсақ, бұл информанттар арасында ең танымал жауап. Отбасылық ұрыс-керіс жағдайында достарына/құрбыларына жүгіну информант әйелдер арасында жиі кездеседі, бірақ бұл тәжірибе ерлер арасында да бар.

- *Әпке-сіңлі/қарындастар*

Әпке-сіңлілерге көбінесе әйелдер жүгінеді.

- *Анасы*

Әйелдер қолдау мен кеңес алу үшін көбінесе аналарына жүгінеді. Айтылу жиілігі бойынша, анасының көмегіне жүгіну нұсқасы, құрбыларға және әпке-сіңлілерге жүгінуге қарағанда сирек кездеседі.

Информанттардың, соның ішінде сауалнамаға қатысқан әйелдердің көпшілігі отбасылық жанжал туындаған жағдайда бірқатар себептерге байланысты аналарына жүгінуден саналы түрде бас тартатынын айта кеткен жөн. Біріншіден, кейбіреулері анасына мүмкін болса ештеңе айтпау керек екеніне көз жеткізген. Ұрыс-керіс соңында жұбайлар татуласуы мүмкін, алайда ата-анасының күйеу балаға/келінге деген көзқарасы өзгеріп кетуі мүмкін, тіпті кейбір әрекеттерін кешіре алмауы ғажап емес. Екіншіден, көптеген адамдар ата-аналары өздерін жақтайтынын, яғни объективті болмайтынын түсінеді. Үшіншіден, кейбір информанттар ата-анасын да, басқаларды да отбасылық ұрыс-керіске араластырмау керек деген көзқарасты мықтап ұстанады.

- *Қайын ата, ене*

Тағы бір кейсті алып қарасақ, күйеуі әйелімен ұрсып қалған жағдайда тікелей әйелінің ата-анасына жүгінеді, солар арқылы әйеліне ықпал етуге әрекеттенеді.

- *Психолог*

Информанттар арасында отбасындағы жанжалдар туындағанда екі жағдайда ғана психологқа жүгінген. Бірінші жағдайда бір реттік жүгіну болған және аса сәтсіз тәжірибе ретінде бағаланып отыр, екінші жағдай көп жыл бұрын және бір информанттың күйеуінің маскүнемдігіне байланысты болған. Жалпы психологқа жүгіну тәжірибесі таралмаған деуге болады.

- *«Интернеттегі психологтар»*

Информанттардың жауабына сенсек, танымал психологтардың лекциялары бар бейнематериалдарды аздаған бөлігі ғана, негізінен әйелдер көреді. Осындай материалдар әйелдерге күйеуімен болған ұрыс-керісті түсінуге және орын алған жағдайға байыппен қарауға үйретеді.

- *«Әлеуметтік желілердегі «психологиялық сайттар»*

- *Форумдар*

Форумдар – отбасындағы проблемалар туындаған жағдайдағы көмек түрлерінің бірі. Бұл ретте әңгіме әлеуметтік желілердегі арнайы форумдар турасында. Форумдардан әйелдер ғана емес, ерлер де жауап іздейді.

- *Қазіргі психологиялық әдебиет*

Қазіргі психологиялық әдебиеттерді оқу өте сирек кездеседі және әдетте тек әйелдер ғана оқиды.

- *Тренингтер*

Бір ғана информант отбасылық қатынастар бойынша арнайы тренингке қатысқаны жайлы айтты.

Алайда, жалпы алғанда, информанттардың жартысынан көбі ұрыс-керіс жағдайында кеңес немесе көмек алу үшін ешкімге жүгінбейтінін айтты. Оны көбінесе былай деп негіздейді, мұндай дүниелер отбасы ішінде орын алады, сондықтан сыртқа жария етілмеуі керек.

Сондай-ақ, отбасындағы ұрыс-керіс жағдайында ер адамдар біреуден кеңес немесе қолдау алу үшін өте сирек жүгінетінін айта кеткен жөн. Шешілмеген шиеленіс көбінесе ерлі-зайыптыларды үшінші тұлғалармен талқылауға итермелейді, бірақ ер адамдар бұл қадамға өте ауыр жанжалдар жағдайында ғана барады.

Әдетте, алғаш қосылған жылдары ұрыс-керіс жағдайларын ата-аналардың біреуімен талқылайтын болған, көбінесе бұл ерлі-зайыптылардың аналары. Алайда уақыт өте көпшілігі оның жөнсіз екенін түсініп, әпке-сіңлі, құрбы/достарға айтуды дұрыс көреді. 15 жылдан астам бірге тұрып келе жатқан ерлі-зайыптылар, әдетте, қарым-қатынас мәселелерін үшінші тұлғалармен талқылауды тоқтатады.

Отбасылық қатынастар саласындағы мамандарға жүгіну практикасы (информанттармен сұхбат негізінде)

Отбасылық қатынастар саласындағы мамандарға жүгіну тәжірибесі бар отбасылардың үлесі өте төмен – іріктемеде мұндай кейстер небәрі төртеу. Үш кейс психологтарға жүгінуден тұрады. Медиатордың көмегіне бір жағдайда ғана жүгінген.

Үш кейсте психологқа жүгіну тәжірибесін информанттар оң және дәлірегі, оң деп бағалайды, ал бір жағдайда – аса жағымсыз деген баға береді. Жүгіну себептері және жүгіну тәжірибесін бағалау туралы толығырақ 10-кестеде ұсынылған.

10-кесте. Отбасылық қатынастар саласындағы мамандарға жүгіну тәжірибесі

Кейс	Жүгінген маман	Маманға жүгіну себебі	Жүгіну тәжірибесін бағалау
Бауыржан, Некеде 6 жыл, Нұр-Сұлтан	Медиатор	Мүлікті бөлу, ажырасқаннан кейін балаларды асырау	Оң бағалау – Бұл жақсы тәжірибе. Бұл отбасын сақтап қалудың қандай да бір мүмкіндігі. – Отырып, талқыладық. Иә, оңай болған жоқ. <...> Мен қомақты үлесімді бердім, бірақ бейбіт жолмен, соттасып, балалардың мазасын алмай бөлістік.
Әлібек, Некеде 6 жыл, Павлодар	Психолог	Ерлі-зайыптылардың отбасылық жанжалдарды реттеу бойынша көмекке бірге жүгінуі	Теріс бағалау – Жоқ, көмектеспеді. Кереметтей бір кеңес берген жоқ. Біз ол психологтың өзіне көмек керек шығар дедік. Одан кейін жағдай ушығып кетті. <...> түсінгеніміз, ешкімді араластырмай шешу керек.
Жулдыз, некеде 9 жыл, Нұр-Сұлтан	Психолог, коуч	Бала көрету проблемасы	Оң бағалау – Жалпы, сессиядан кейін жағдайым жақсарды. Жалпы, маған психологқа жиі бару керек сияқты. Кем дегенде айына бір рет психологқа барған жөн. Мен кәдімгідей жеңілдеп қалдым
Анна, некеде 10 жыл, Ақтөбе	Психолог	Жұбайының алкогольге тәуелді болуы, осының салдарынан отбасындағы тұрақты ұрыс-керістер	Дәлірегі, оң баға – Оған нақты осы көмектесті ме, жоқ па, білмеймін, бірақ уақыт өте келе, ол ішуін қойып кетті.

Сұхбат жүргізу кезінде 7 информант психологиялық көмекті өздері алғысы келетінін, жұбайын жібергісі келетінін немесе психологқа бірге барғысы келетінін айтты.

Не кедергі болады? Информанттардың жауаптарып қорытындылай келе, мынадай себептерді анықтадық:

- психолог қызметтерінің қымбаттығы;
- жұбайының психологқа баруға құлықсыздығы;
- тұрғылықты жерінде қабылдау жүргізетін мамандардың құзыреттілігіне күмәндану (әдетте, информанттардың пікірінше, жақсы мамандар Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында ғана);
- тұратын жерінде мамандардың жетіспеуі немесе болмауы;
- шағын қалада отбасылық өмірдің егжей-тегжейлері туралы қауесет тарайды деген қорқыныш.

Тағы екі информант бұрын психологтың қызметіне аса мұқтаж болғанын айтты. Бір жағдайда, әңгіме ерлі-зайыптылар отбасына ата-анасының кірісуіне байланысты дағдарыс салдарынан ажырасу алдында тұрған кезі туралы болды. Екінші жағдайда, бұл бала туылғаннан кейінгі және декреттік демалыс кезеңі туралы болды. Информант әйел психологтың көмегіне жүгіне алмаған, өйткені оның қаржылық мүмкіндігі болған жоқ және ол мемлекеттік емханада психологтың көмегіне тегін жүгіне алатыны туралы білмеген.

– Сол бала кішкентай, өзім декретте отырған кезімде психолог керек еді маған, өте осал болдым сол кезде... (Айгүл, некеде 9 жыл, 1 бала, Өскемен)

Отбасылық қатынастар саласындағы мамандарға жүгіну тәжірибесі (сарапшылармен сұхбат негізінде)

Психологтармен сұхбатты талдау отбасында жанжалдар туындаған жағдайда қазақстандықтардың психологиялық көмекке жүгіну тәжірибесіне қатысты бірқатар қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

- Психолог көмегіне жүгіну мәдениеті қалыптасып келеді, ол әлі кең таралмаған, бірақ соған қарамастан адамдар психологқа қашан және қандай мәселелер бойынша жүгіну керектігін түсіне бастады.

- Соңғы жылдары психологтарға жүгіну, оның ішінде отбасылық ұрыс-керіс мәселелері бойынша жүгіну жиілігі өсті. Кейбір сарапшылардың бағалауы бойынша соңғы 10-15 жыл ішінде жүгіну жиілігі тоқтаусыз өсіп келеді.

- Пандемия кезінде ерлі-зайыптылардың психологтарға жүгіну жағдайлары айтарлықтай өсті.

- Психологтарға әйелдер қауымы көбірек жүгінеді. Ерлердің жүгіну үлесі баяу болса да, өсуде. Кейбір сарапшылардың бағалауы бойынша, егер бұрын әйелдер мен ерлердің қатынасы 99/1 болса, бүгінде ол шамамен 80/20 болып өзгерді.

- Ерлі-зайыптылардың психологқа бірге бару жиілігі өсті, алайда жүгінудің жалпы санында олардың үлесі әлі де мардымсыз.

- Ерлі-зайыптылар психологқа бірлесіп жүгінген кезде, көптеген жағдайларда ерлі-зайыптылардың бірі бастамашы болады, ал екіншісі маманмен жұмыс істеуге бейім емес.

- Ауылдық елді мекендерге қарағанда қалаларда психологқа жүгіну жиілігі әлдеқайда жоғары.

- Психологтарға жүгінген адамдардың көпшілігі 30-45 жастағы ерлі-зайыптылар.

- 20-30 жас аралығындағы топтан психологқа баратын адамдардың көпшілігі отбасын құру мәселелері бойынша баратын әйелдер.

- Табыс деңгейі психологқа жүгіну практикасына тікелей әсер етеді – отбасылардың барлығы бірдей психологтың терапиясын өтей алмайды.

- Психологқа жүгінудің мазмұны өзгерді – адамдар өз отбасыларына саналы түрде қарай бастады.

- Көптеген жағдайларда психологтарға балаға/балаларға қатысты мәселелерді шешу үшін нақты сұраныс жасалады, алайда терапия барысында бұл мәселе бала/балалар емес, ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынаста екендігі анықталып жатады.

- Ерлі-зайыптылардың ұрыс-керіс жағдайындағы жүгінуі көп жағдайда бір-бірін жек көретін және ажырасуға аяқ басқан кезеңде орын алады.

Медиаторларға жүргізілген сұхбатты талдау бірнеше негізгі қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

- Қазақстандықтар медиаторлардың кім екенін және олардың жұмысының артықшылықтары туралы енді ғана біле бастады. Дегенмен, медиаторларға жүгінулер саны артып келеді. Елордада медиаторларға көп барады.

- Медиаторға жүгінудің ең көп таралған 4 себебі: 1) некені бұзу; 2) балаларды асырау және алименттерді өндіріп алу; 3) баланың тұрғылықты жерін анықтау; 4) мүлікті бөлу.

- Неке бұзылғаннан кейін мүлікті бөлуге қатысты жүгінулер саны өсуде.

- Ауыл тұрғындары медиация туралы аз біледі және ешқашан жүгініп көрмеген.

- Жүгінушілер көбінесе әйелдер.

- Тараптардың бірі шақырған жағдайда болмаса, ерлі-зайыптылар бірге бармайды дерлік.

- Көбінесе баратындардың жасы 35-45 аралығында.
- Жүгінуші ерлер әйелдерге қарағанда отбасын сақтап қалу үшін, ал соңғылары нүкте қою үшін келеді.
- Пандемия кезінде медиаторларға жүгіну жиілігі артқаны байқалды.
- Ерлі-зайыптылар/бұрынғы ерлі-зайыптылар арасындағы дауларды бейбіт және сындарлы шешу мәдениеті жоқ. Көп жағдайда медиаторға келгенде адамдар өркениетті емес мінез-құлықты көрсетеді.
- Әдетте, адамдар ажырасып жақтанда немесе ажырасқаннан кейін жүгіне бастайды. Осындай кезде ерлі-зайыптылардың арасы жек көрушілік пен өкпеге толып, «ескірген» жанжал негізінде жүгінеді. Бұл ретте татуласады деп күту орынсыз, отбасы бұзылған жағдайда, қолдан келгенше тараптардың, ең алдымен балалардың мүддесін ескеру қажет.
- Неке шарты тәжірибесі жоқ, бұл көп жағдайда ажырасу жағдайында әйелдер мен балаларға қатты қысым жасауға, сондай-ақ мүлікті бөлу және балаларды күтіп-бағуды айқындау бойынша ауыр тәжірибеге әкеп соғады.
- Істердің көпшілігі әкелердің алименттік міндеттемелерді орындамауымен байланысты: кірістерді жасыру, алимент төлеуден түбегейлі бас тарту, «мен балалардан бас тартамын, ал сен алименттен бас тарт». Мұндай жағдайлар медиаторлар тәжірибесінде жиі кездеседі.
- Мүліктік және қаржылық дауларды шешу процесінде балалармен бопсалау және айла-шарғы жасау.

Негізгі қорытынды. Көптеген отбасылардағы ұрыс-керіс жиілігі мен тереңдігі өзгеріп отырады. Отбасылардың 14% бөлігінде ұрыс-керістер жиі және терең сипатта, ал 11% бөлігінде қақтығыстар негізінен ұзаққа созылады. Информанттар күн сайын болатын ұрыс-керістерді жиі орын алатын жағдайлар деп түсінеді.

Отбасылардың жартысында ерлі-зайыптылардың екеуі де ұрыс-керіске бастамалық етеді, ал татуласуды ер адамдар бастайды. Отбасылардың 14% бөлігінде татуласуға алғашқы қадамды әйелдер жасайды.

Көптеген кейстерге тән басты проблема мен ерекшелік – үндемей қоя салу, ерлі-зайыптылар проблемалар туралы ашық сөйлесуді білмейді, ал ең көп таралған мінез-құлық стилі – қашқақтау. Ұрыс-керістердің көпшілігі балағат сөздер айту және қарым-қатынастарды анықтаудың агрессивті сипатын қамтиды.

Отбасындағы ұрыс-керіс себептері әртүрлі. Қаржылық проблемалар, бала күтімі мен үй шаруашылығындағы міндеттерді әділетсіз бөлу сияқты себептер жиі айтылады. Сондай-ақ, информанттардың әңгімелеріндегі ауыр қақтығыстар туыстардың кірісуіне байланысты орын алған.

Психологтарға өте сирек жүгінеді. Медиаторларға сирек жүгінгенімен қатар, көбінесе олардың кім және немен айналысатынын да білмейді.

Дегенмен, сарапшылардың айтуынша, психологтар мен медиаторларға жүгіну жиілігі біртіндеп артып келеді. Көбінесе ерлі-зайыптылар психологқа балаларға қатысты проблемалар бойынша келеді, дегенмен іс жүзінде мәселе балада емес, ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынаста болып шығады. Жалпы ерлі-зайыптылар психологтар мен медиаторларға ажырасу алдында немесе ажырасып кеткен соң жүгініп жатады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Отбасының өмірлік циклі – неке құрылғаннан бастап соңына дейін үздіксіз уақыт аралығындағы демографиялық және әлеуметтік жай-күйінің реті.

Ғылымда отбасының өмірлік циклі сатыларының (кезеңдерінің) нақты санын, сондай-ақ оларды бөлуге негіз болатын бірыңғай тәсіл жоқ. Көптеген тәсілдерді біріктіретін жағдай, олар тек балалары бар толық отбасыларға қатысты қолданылады.

Ерлі-зайыптылардың ата-ана болуға көзқарасы тұрғысынан отбасының өмірлік циклінің мынадай кезеңдерін бөліп көрсетуге болады: 1) ата-ана болу алдындағы кезең; 2) репродуктивтік ата-аналық кезең; 3) әлеуметтендіруші ата-аналық кезең; 4) ата, әже болу кезеңі.

Психологтардың көзқарасы бойынша, отбасының өмірлік циклін сипаттау мен талдаудағы орталық түсінік – дағдарыс. Осыны ескере отырып, отбасының өмірлік циклінің кезеңділігі келесідей болуы мүмкін:

1) Некеге дейінгі қатынастар. Негізгі ерекшелігі: танысу және ақпарат алмасу, қарым-қатынас жасайтын ерлер мен әйелдердің жаңа әлеуметтік рөлдерін игеруі; ортақ әсерленушілік артуы; жұбын мінсіз етіп көру. Қарым-қатынастың конструктивті немесе деструктивті түрі қалыптаса бастайды.

2) Некеге тұру – отбасындағы алғашқы елеулі дағдарыс кезеңі орта есеппен 1-3 жылға созылады. Негізгі ерекшелігі: барлық отбасыларға белгілі бір дәрежеде әсер етеді; «күйеуі», «әйелі» рөлдерін игере отырып, рөлдердің жаңа иерархиясын қалыптастыра бастау; бірлескен өмірдің шындығын көру; құндылықтардың қақтығысы және оларды қайта бағалау; бірқатар келісімдерге қол жеткізу.

3) Бірінші баланың туылуы – көптеген сарапшылардың пікірінше, бұл отбасындағы ең ауыр дағдарыс. Негізгі ерекшелігі: ананың физикалық және психологиялық осалдығы; құндылықтар қақтығысы және оларды қайта бағалау; отбасылық бюджетті қайта бөлу; рөл құрылымының өзгеруі, «ана», «әке» рөлдерінің игеруі; балаға қатысты көзқарастар мен үміттерді қалыптастыру.

4) Орта жастағы отбасы. Кезең баланың мектепке баруынан бастап, отбасында барлық балалар кәмелетке толған уақытқа дейін жалғасады. Негізгі ерекшелігі: оқушы баланың өсуіне байланысты дағдарыстар; ерлі-зайыптылардың жеке дағдарыстарының әсері.

5) Кемел отбасы кезеңі. Балалар есейіп, ата-анасының үйінен кететін уақыт. Негізгі ерекшелігі: балалар ата-анасының үйінен кетеді; ерлі-зайыптылардың махаббатының орнына өзара тәуелділік туралы түсінік келеді; орта жастағы дағдарысқа, зейнеталды жасы мен зейнетке шығуға байланысты жеке дағдарыстардың қатар келуі; жалғыздық пен некеге қанағаттанбау сезімінің пайда болуы.

6) Қартайған отбасы. Бұл кезең отбасының өмірлік циклін аяқтайды. Негізгі ерекшелігі: үйлесімді қатынастар; зейнетке шығу, ауру-сырқау, қарттыққа байланысты жеке дағдарыстардың қатар келуі; өзара тәуелділік.

Қазақстандық отбасылардың өмірлік циклінің бірқатар ерекшеліктері бар:

– дәстүрлердің ықпалы (отбасы басты құндылық; кіші ұлдың ата-анасымен тұру дәстүрі; ресми некеге дейін бірге тұруға тыйым салу; дәстүрлерді күйеуінің үлкен туыстары тарапынан келінге билік ету құралы ретінде қолдану; аға буынның дәстүрлі көзқарастары мен жас ұрпақтың қазіргі заманғы көзқарастарының қақтығысы);

- өңірлік және аймақтық айырмашылықтардың әсері (орталық-шеткері аймақ; отбасы дәстүрлерінің өңірлік ерекшелігі);
- жалғызбасты аналар проблемасы (көп балалы жалғызбасты аналар иек артушылық стратегия ретінде; ересек бала мен «өзі үшін» туған ананың арасы ажырамауы);
- кеңейтілген отбасының ықпалы;
- ата-аналар мен туыстардың кірісуі;
- бейқамдық, кеш бөліну;
- қыздардың мінез-құлық үлгісіндегі қайшылықтар;
- ресми некенің басымдығы;
- әйелдер мен балалардың ажырасудан кейін қорғалмауы;
- ата-аналары аз уақыт бөлетіндіктен балалардың психологиялық проблемаларының көп таралуы;
- несиеге той жасау.

Кейінгі бірнеше онжылдықта қазақстандық отбасылардың өмірлік циклінде белгілі бір өзгерістер болды. Оның ішінде: отбасының өмірлік циклінің кезеңдері мен дағдарыстық кезеңдерінің «қысқаруы»; отбасын сақтау мәселесіне деген көзқарасты өзгеруі; отбасы бұрынғыдай маңызды «жоба» емес; болашақ жұбайын таңдау кезеңінде материалдық және мәртебелік құндылықтар басымдыққа ие; қоғамның құндылықтар мен отбасылық көзқарастарға байланысты жіктелуі; экономикалық жағдайға байланысты отбасылардың жіктелуі; азаматтық неке немесе некені ресми тіркеусіз бірге тұру жағдайлары артып келеді; танымал психологияның әсері артты; жас отбасылардың ата-анасынан бөліну деңгейінің өзгеруі.

Сарапшылар қазақстандық отбасылар тап болатын кемінде 20 негізгі дағдарыстары мен дағдарыстық кезеңдерін анықтады. Өртүрлі дағдарыстар қатар келуі мүмкін. Өрбір дағдарыс отбасылық қарым-қатынас үшін белгілі бір қауіп-қатер келтіруі мүмкін. Дағдарыстардың айтарлықтай бөлігі балалармен байланысты. Сарапшылар мен информанттар арасында ең көп аталған сөзсіз көшбасшы – қаржылық сипаттағы дағдарыстар. Сондай-ақ, отбасы үшін ең көп айтылған және ауыр дағдарыстар ондығына мыналар кіреді: бірге тұра бастау; баланың туылуы (әсіресе бірінші баланың туылуы); баланың өтпелі жасы; босаған ұя кезеңі; өз үйінің болмауы; балалар дағдарысы; орта жастағы дағдарыс; орта отбасылық дағдарыс.

Ерлі-зайыптылардың ұрыс-керіс жағдайындағы мінез-құлық үлгілерін талдау көрсеткендей, отбасылардың 14% бөлігінде қақтығыстар жиі болады, бірнеше күнде кемінде 1 рет. Жалпы, көптеген отбасыларда ұрыс-керіс жиілігі өмір бойы өзгеріп отырады. Ең көп таралған 2 сценарий: үйленгеннен бастап қақтығыстар жиілігі артуы және, керісінше, қақтығыстар жиілігінің төмендеуі.

Отбасында ауыр ұрыс-керістерге шамамен 14% информант өткереді. Жалпы, ұрыс-керіс жағдайларының ауырлығы оның себебіне байланысты. Информанттардың отбасындағы ең ауыр қақтығыстар ақшаның жетіспеушілігі және ата-аналардың кірісуінен болған. Көптеген отбасыларда қақтығыстардың ауырлығы өзгерді, уақыт өте келе олар жеңілдей бастаған.

Отбасылардың жартысында ұрыс-керісті ерлер мен әйелдер бірдей бастайды, шамамен 1/3 бөлігінде – әйелі, 1/4 бөлігінде – күйеуі бастайды.

Татуласудың бастамашысы көбінесе ер адамдар (50% отбасында), әйелдер 14% жағдайда ғана бірінші болып татуласады.

Ерлі-зайыптылардың ұрыс-керіс жағдайындағы мінез-құлық әлеуметтік психологиядағы мінез-құлық түрлерінің классикалық бөлінуіне сүйене отырып

сипаттауға болады: бәсекелестік, бейімделу, қашқақтау, ымыраға келу және ынтымақтастық (К.Томас). Сонымен қатар, ұзақ мерзімді қатынастардағы мінез-құлықтың ең оңтайлы стилі – ынтымақтастық. Бұл мінез-құлық стилі басқа адамды тыңдауға, оның көзқарасын түсінуге, оның мүдделерін ескеруге және даулы жағдайда барлық тараптарға сәйкес шешім табуға деген ұмтылысты қамтиды.

Информанттар отбасында қақтығыс жағдайындағы жоғарыда аталған бес мінез-құлық стилі бірдей кездеседі. Арасындағы ең көп таралғаны – қашқақтау, ең сирегі – өзара ынтымақтасу. Бұл ретте кейстердің көпшілігін ерлі-зайыптылар арасындағы өзара қарым-қатынастардағы проблемалар туралы ашық диалог мәдениетінің болмауы біріктіреді. Көп ұрыс-керістің себептері жайлы ашық айтылмайды. Сонымен қатар, көптеген кейстерге қарасақ, ұрыс-керістер балағат сөздер айту және қарым-қатынастарды анықтаудың агрессивті сипатын қамтиды.

Әрбір кейс бөлек әңгіме – отбасыларда ұрыс-керістің түрлі себептері кездеседі. Себептер арасында сөзсіз көшбасшы – бұл қаржылық проблемалар. Ұрыс-керіс пен фрустрация жағдайларының едәуір бөлігі балаларды күту мен тәрбиелеу және үй міндеттерін бөлуге қатысты келіспеушіліктермен байланысты.

Зерттеу аясында өңірлік салыстырмалы талдау міндеті болған жоқ. Дегенмен, қаржы тапшылығына байланысты кейстер Өскемен және Павлодар қалаларында тұратын информанттар арасында айтарлықтай жиі және айқын көрінеді. Әдетте, мұнда отбасылар бала туылғаннан кейін бірден қаржылық дағдарысқа тап болады. Баланың туылуы – бұл отбасының алдында тұрған ауыр дағдарыстардың бірі, бірақ бұл жағдайда жағдай қаржылық дағдарыстың қабаттасуымен күрделене түседі. Бұл ретте отбасында бала саны аз, балалар арасындағы жас айырмашылығы үлкен, сондай-ақ отағасының жоғары білімі мен жұмысы болуына қарамастан туындайтын болған. Көбінесе жағдай отбасылардың жеке баспанасы болмауы, сондай-ақ оны ипотекаға да сатып алу мүмкіндігі жоқтығымен күрделене түседі, өйткені бюджеттің негізгі бөлігі үй жалдау ақысына кетеді. Сонымен қатар, әйел бала үш жасқа толғанға дейін жұмысқа шыға алмайды, ал бала күтімі бойынша төлемдер бір жылға дейін және аз мөлшерде төленеді. Нәтижесінде, осы кезеңде отбасылардағы қақтығыстар деңгейі мен жиілігі күрт артып, қайшылықтар күшейіп, ажырасу туралы ойлар пайда болады.

Ерлі-зайыптылардың көпшілігі «үйдің жаман атын шығармауды» жөн көреді: олар кеңес немесе қолдау алу үшін ешкімге жүгінбейді, сонымен қатар қарым-қатынас психологиясына қызығушылық танытпайды. Басқа жағдайларда олар көбінесе достар мен құрбыларға, әпке-сіңлілерге, аналарына кеңес пен қолдау сұрап жүгінеді. Әдетте, бұған шешілмеген шиеленістер итермелейді, ал ер адамдар бұл қадамға өте ауыр ұрыс-керіс жағдайында ғана барады. Әдетте, алғаш қосылған жылдары ұрыс-керіс жағдайларын ата-аналардың біреуімен талқылайтын болған, көбінесе бұл ерлі-зайыптылардың аналары. Алайда уақыт өте көпшілігі оның жөнсіз екенін түсініп, әпке-сіңлі, құрбы/достарға айтуды дұрыс көреді. 15 жылдан астам бірге тұрып келе жатқан ерлі-зайыптылар, әдетте, қарым-қатынас мәселелерін үшінші тұлғалармен талқылауды тоқтатады.

Психологтарға жүгіну тәжірибесі информанттар арасында өте сирек кездеседі. Көбісі отбасында үлкен проблемалар туындаған жағдайда маманға жүгіну идеясын қолдамайды. Психологқа жүгінуге қарсы емес адамдар қызметтердің

қымбаттығын, тұрғылықты жерінде қабылдау жүргізетін мамандардың құзыреттілігіне күмән келтіреді, шағын қалада отбасылық өмірдің егжей-тегжейлері туралы әңгіме тарайды деп қорқады.

Сарапшылардың айтуынша, психологтар мен модераторларға жүгіну мәдениеті біртіндеп қалыптасып, отбасылық мәселелер бойынша жүгіну жиілігі артып келе жатқан көрінеді. Негізінен психологтар мен модераторларға әйелдер барады. Психологқа барудың себебі көбінесе балаға байланысты проблемалар, алайда оның арғы жағында жұбайлар арасындағы қарым-қатынас проблемасы байқалады. Медиаторға жүгіну себептері – некені бұзу, алименттерді өндіріп алу және балаларды күтіп-бағу, баланың тұрғылықты жерін анықтау, мүлікті бөлу. Психологтар да, медиаторлар да ұрыс-керіс жағдайында ерлі-зайыптылар көп жағдайда бір-бірін жек көретін және ажырасуға аяқ басқанда, ал татуласу тіпті мүмкін болмайтын кезде жүгінеді деп санайды. Сонымен қатар, олар дауларды шешудің мәдениетке жатпайтын тәсілдерін көрсетеді.

ҰСЫНЫМДАР

Ерлі-зайыптылар арасындағы ұрыс-керіс жағдайларының алдын-алу және түзету бойынша жалпы ұсынымдар:

– Отбасылық мамандарға – отбасылық психолог, терапевт, кеңесші, медиатор және т.б. мамандарға жүгіну тәжірибесі мен мәдениетін дамыту. Білікті отбасылық мамандар, біріншіден, жанжалдасушы тараптарға мән-жайды ашық айтуға мүмкіндік береді, екіншіден, ерлі-зайыптылар арасындағы ұрыс-керіске объективті, бейтарап баға береді және мәселені оңтайлы шешеді, осылайша ерлі-зайыптылар арасындағы қақтығыстың деструктивті салдарын төмендетеді;

– Мамандарға баруды, жүгінуді қолжетімді ету (психолог, отбасылық психолог, отбасылық кеңесші, отбасылық терапевт және т.б.), мысалы, мемлекеттік емханалар, медициналық орталықтар базасында отбасылық мамандардың кабинеттерін, сондай-ақ отбасылық психологтардың, кеңесшілердің жеке кабинеттерін ашу. Офлайн қызметтер алуға мүмкіндігі жоқ отбасылық жұптарға кеңес беру үшін, оның ішінде ауылдық жерлердің тұрғындары үшін онлайн-кабинеттер ашу;

– Танымал «мессенджерлерде» ерлі-зайыптылық ұрыс-керіс пен отбасылық өзара іс-қимыл тақырыбы бойынша белсенді оқыту жұмыстарын жүргізу, онда отбасының өмірлік циклі кезеңдерін өзгертудің және отбасындағы нормативтік және нормативтік емес дағдарыстардың тұрақты процестерін қарапайым және түсінікті тілде түсіндіру және сипаттау;

– Отбасындағы дағдарыстардың негізгі кезеңдері туралы ақпаратты және жанжалдарды, отбасындағы жанжалды жағдайларды шешу бойынша ұсыныстарды қамтитын брошюралар, оқу құралдарын тарату. Отбасылық психологтар, терапевт, кеңесші мамандардың, отбасыларды қолдау орталықтарының және т.б. байланыс деректері бар анықтамалық ақпарат беру;

– Балаларды, оның ішінде әлеуетті және әке болған азаматтарды отбасылық қатынастар мен тәрбиелеу жөніндегі оқыту іс-шараларына міндетті түрде тарту/баулу;

– Әлеуметтік желілерде, телеарналарда отбасы мен отбасылық құндылықтарды сақтаудың маңыздылығы туралы және отбасылардағы жанжалды жағдайларды сындарлы шешудің қаншалықты маңызды екендігі туралы қысқа метражды роликтер түрінде әлеуметтік жарнама орналастыру, отбасылық жанжалдарды шешудің сәтті жағдайларын көрсету;

– Отбасы ішіндегі қатынастарды нығайту және дамыту бойынша ақпараттық жұмысты қалыптастыру кезінде өңірлік ерекшеліктерді ескеру. Атап айтқанда, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, оңтүстік аймақтардағы отбасылар дәстүрді неғұрлым қатаң ұстанады, отбасылық мәселелерді бейтаныс адамдармен талқылауға, оның ішінде отбасылық мамандарға жүгіну әдеттен тыс. Керісінше, орталық және солтүстік өңірлер либералды, еуропашыл отбасылық құндылықтарды ұстанады;

– Отбасылық ұрыс-керістер бойынша мамандардың біліктілігін, кәсіби білімі мен дағдыларын арттыру;

– Отбасылық мәселелер бойынша мамандарға (психолог, медиатор, кеңесші, терапевт) аттестаттау, сертификаттау, бағалау жүргізу;

– Психологтар тарапынан отбасылық терапияның мінез-құлық әдістерін, ерлі-зайыптылардың ұрыс-керіс жағдайындағы сындарлы мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін әдістер қолдану;

– Отбасылық жанжалдарды шешудің балама тәсілі ретінде медиацияны дамыту. Медиатордың тараптардың келіссөздеріне сауатты араласуы күшті жағымсыз

эмоцияларға қарамастан, олардың арасындағы тиімді қарым-қатынасты мүмкін етеді (егер, әрине, әңгіме басқа әдістермен емделуді қажет ететін психоневрологиялық ауру туралы болмаса). Бұл жанжалдасушы тараптарға қиын жағдайдан өзара тиімді жол табуға мүмкіндік беретін болады. Жанжалдаушылар өзара әрекеттесу кезінде қолданатын байланыс формасы оны шешуде жетекші рөл атқарады;

– Отбасыларда, ерлі-зайыптылар арасында ұрыс-керістің алдын алу бойынша профилактикалық жұмысты күшейту. Алдын алуды ұйымдастыру, яғни отбасылардағы қақтығыстардың алдын алу үшін қақтығыс салдарын жоюмен жанжалды жағдайларды шешуге қарағанда аз күш пен ресурстар қажет. Бұл факт отбасылардағы қақтығыстардың алдын-алу мәселесін, әсіресе дамудың алғашқы кезеңдерінде айтарлықтай өзекті етеді;

– Психологиялық көмекке, отбасылық кеңес алуға мұқтаж және көмек алуға дайын ерлі-зайыптыларға тренингтер әзірлеу және өткізу. Тренингтер ерлі-зайыптыларды отбасындағы жанжалдардың алдын-алу мәселесін түсіндіруге және жанжалдың пайда болуына жол бермейтін мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін практикалық бағытты қамтиды;

– Жауапты мүдделі ұйымдарға (мемлекеттік ұйымдар, білім беру мекемелері, үкіметтік емес ұйымдар және т.б.) әлемдегі отбасылық жанжалдарды шешудің халықаралық тәжірибесі мен практикасын зерделеу, елімізде табысты тәжірибені қолдану;

– Отбасылық уақытты бірге өткізу дәстүрін дамыту және нығайту. Психологтар мен әлеуметтанушылардың айтуынша, отбасылық демалыс – бұл отбасылық қатынастарды нығайтудың қолжетімді құралы. Бірлескен отбасылық демалысты дәріптеу маңызды;

– Отбасылық демалысты ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізу, отбасылық бос уақытты ұйымдастыру үшін жағдайлар жасау (отбасылық туризм және саябақтарға, демалыс аймақтарына бару, мәдени демалыс пен мұражайларға, көрмелерге бару және т.б.). Отбасылық демалыс деп белгілі бір қаржылық шығындарды талап ететін уақытты ғана емес, сонымен қатар отбасылық демалыстың басқа түрлерін де түсіну керек, мысалы, кітап оқу, отбасылық фильмдер, бағдарламалар көру, отбасылық түскі ас және т.б.

– Қазақстандық отбасылардың өмір сүру сапасы мен деңгейін арттыруға ықпал ететін шараларды қабылдау. Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, қазақстандық отбасылардағы әлеуметтік-экономикалық проблемалар ерлі-зайыптылар арасындағы ұрыс-керістер мен ажырасудың негізгі себебі болып табылады. Мысалы, бала күтімі бойынша жәрдемақы мөлшерін ұлғайту және бала күтімі бойынша жәрдемақы төлеу мерзімін ұзарту мүмкіндігін қарастыру (1 жастан 3 жасқа дейін);

– Тұрғын үй проблемаларын шешуде қолдау көрсету. Қазақстандық отбасылық жұптарды зерттеу көрсеткендей, отбасылардағы ұрыс-керістер мен ерлі-зайыптылардың ажырасуының негізгі себептерінің бірі – өз үйінің болмауы (және ерлі-зайыптылардың біреуінің туыстарымен тұру қажеттілігі);

– Отбасылық-демографиялық тақырыпта зерттеулер жүргізуді тұрақты негізде ұйымдастыру. Сандық әдістерді (жаппай сауалнамалар) және сапалық әдістерді (тереңдетілген сұхбат, әлеуметтік эксперимент және т.б.) қолдану;

– Қазақстанда отбасыларды қолдау жөніндегі бағдарламалар мен шараларды әзірлеу кезінде гендерлік және отбасылық-демографиялық саясатты зерделеу жөніндегі зерттеулердің нәтижелеріне сілтеме жасау және пайдалану;

– Отбасы және отбасылық-демографиялық ахуал/саясат әрқашан ғылымның, қоғам мен мемлекеттің басты назарында болуға тиіс.

Ерлі-зайыптылар арасындағы қақтығыстардың алдын алу және реттеу бойынша психологиялық ұсынымдар:

– Ерлі-зайыптылар арасындағы ұрыс-керіске әкеп соқтыратын проблемалар, қиындықтар туралы ашып айту дағдысы мен дәстүрін дамыту. Ұрыс-керісті болдырмаудың бір нұсқасы – әңгімелесу басында бір-біріне ішкі күйі туралы айту. Бірден мәселені шешуге тырыспай, бір-біріне барлық шағымдарды, өкпе-назын айту. «Сезімдерді өзара білдіру сындарлы ой алмасу мақсатында коммуникацияны пайдалану үшін жағдай жасауға көмектеседі. Алайда, қорқыту, өтірік айту, жұбына айла-шарғы жасаудан аулақ болу керек, өйткені бұл әрекеттер өзара келісімге қол жеткізудің орнына, қарсыласты жеңуге деген ұмтылыстан туындайды»⁷;

– Тыңдау қабілетін дамыту және қолдану, атап айтқанда, жұбайының сөзіне және сезімдеріне көңіл бөлу. Жұбының айтқандарын терең түсіну үшін белгілі бір ішкі түйсікпен қарау және «жақсы» немесе «жаман» терминдері арқылы бағаламауға тырысу. Адамның айтқан ойын, фактілерді және оның пайымын есте сақтау;

– Жеке шекараны құру және жұбайының жеке кеңістігін сақтау «дәстүрін» дамыту;

– Қиялға берілмей, өзіңе жауапкершілік алып, «есейген» жөн. Ерлі-зайыптылар, оның ішінде жас жұбайлар үшін кез-келген адамның жынысына, жасына, білім деңгейіне және т.б. қарамастан мүмкіндіктерін, жағдайды, осал тұстары мен кемшіліктерін нақты бағалауға керек. Психологтар қиялға берілмеу – дамудың, өсудің эволюция элементі делінетін қадамы екенін айтады;

– Төзімді болу, бір-бірінің қажеттіліктерін түсінуге және ескертуге үйрену;

– Тұрақты түрде бірлескен ойын-сауық ұйымдастыру, мысалы, жалпы хобби, клубтық іс-шаралар, шеберлік сабақтары және т.б. Психологтар бірлескен іс-шаралар қашан да ерлі-зайыптыларды жақындастыратынын айтады. Бірлескен отбасылық іс-шаралар жас жұбайлар үшін де, жиырма жылдан астам некеде тұрған ерлі-зайыптылар үшін де маңызды. «Кемел» ерлі-зайыптылар үшін бірге уақыт өткізудің маңызы зор, өйткені объективті себептерге байланысты (балалардың өсуі, балалармен бөлек тұру, зейнетке шығу және т.б.) ерлі-зайыптылар байланыс нүктелерін жоғалтады, сондықтан мұндай сәтте басқа ортақ қызығушылық табу маңызды. Ерлі-зайыптылардың екеуі де уақытты бірге өткізуге тырысатын және өздерінің сүйікті ортақ істерінен жарқын эмоцияларды бастан кешіретін қарым-қатынастар некені берік етеді;

– Бала тәрбиесінде бірлікке ұмтылу. Психологтар балаларды тәрбиелеу процесінде ата-аналар арасындағы бірлік олардың осы мәселеде белгілі бір кемелдігін білдіретінін айтады. Керісінше, тәрбиедегі келіспеушіліктер ерлі-зайыптылар арасындағы үйлесімсіз қарым-қатынастың белгісі болмақ. Тереңдетілген сұхбаттар нәтижелері көрсеткендей, баланы/балаларды тәрбиелеудегі келіспеушіліктер отбасыларда ұрыс-керіске себеп болады;

